ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛОРДА

4-БЕТ | ТӘУЕЛСІЗДІК

ҚОСЫМША ҚАРЖЫ ҚАЙ САЛАҒА БӨЛІНЕДІ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

КҮШ АТАСЫ КІМНЕН ЖЕҢІЛДІ? НЕГЕ?

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ – ЕЛБАСЫ:

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ МӘНІ ТАРИХТЫҢ ЖАҢА БЕТІН ӨЗ ЕРКІҢМЕН, ШЕШІМІҢМЕН БАСТАУДА БОЛСА КЕРЕК. ТӘУЕЛСІЗДІК БІЗГЕ ЖАҢА ЖОЛЫМЫЗДЫ, ӨЗІМІЗДІҢ СОНЫ СОҚПАҒЫМЫЗДЫ ТАБУҒА ЗОР МҮМКІНДІК ЖАСАДЫ. СОЛ ЖАҢА ЖОЛЫМЫЗДЫ БІЗ АСТАНА АРҚЫЛЫ ТАПТЫҚ. АСТАНА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫ, ЫСТЫҚ МЕЙІРІМІМЕН ТҰРҒЫЗЫЛДЫ. СОНДЫҚТАН ДА БҰЛ ҚАЛА БӘРІМІЗГЕ ЕРЕКШЕ ҚЫМБАТ, АЙРЫҚША АЯУЛЫ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№61 (4185)
Бейсенбі
27 мамыр
2021 жыл

Nur-Sultan

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

403 ТҮЛЕК «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР

Тағы бір оқу жылы аяқталды. 25 мамырда елордалық мектептерде дәстүрлі соңғы қоңырау өтті. Биыл 1-10-сынып оқушылары үшін іс-шара онлайн форматта, ал мектеп бітіруші түлектер үшін білім мекемелерінің аулаларында өткізілді. Нұр-Сұлтанда 130 мектеп бар, онда 193572 оқушы білім алады. Биыл 7471 елордалық түлек мектеп бітіреді. Олардың ішінде 403 оқу озаты «Алтын белгіге» үміткер. Елорда әкімі Алтай Көлгінов мектеп бітіруші түлектерді мерекемен құттықтады.

3-БЕТ

ЖҮЗ ҮЗДІК ҚАТАРЫНДА

Елордалық 10 мектеп «2020-2021 оқу жылының республикалық олимпиадасының қорытындысы бойынша Қазақстанның 100 үздік олимпиадалық мектебі» тізіміне енді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша 110 астаналық оқушы республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне өтіп, 68 жүлделі орынға ие болды, оның ішінде 11 алтын, 24 күміс және 33 қола медаль. Соның ішінде 3 елордалық білім беру мекемесі – дарынды жасөспірімдерге арналған білім-инновация лицейі, Nurorda мектеп-лицейі және №46 мектеп гимназиясы «Үздік олимпиадалық мектеп» атағына ие болды.

СУҒА ШОМЫЛҒАНДА САҚТЫҚ ҚАЖЕТ

Елордада күн күйіп тұр. Сынап бағанасы 30 градустан асып түсті. Мұндай ыстықта жанға сая беретіні – суға шомылу. Осы орайда биыл Нұр-Сұлтан қаласы аумағында 20-дан аса суға шомылу орындарын ашу қарастырылып жатыр. Ал әзірге қалалық саябақтың жағажайында, «Астаналық аула» және «Три пескаря» орындарында шомылуға рұқсат берілген. Қалған орындарға мемлекеттік мекемелер тексеру жүргізіп жатыр. Төтенше жағдайлар департаменті суға шомылу маусымының қашан ашылатынын жақын күндері жариялайды.

6

ТҰЛҒАЛАР АТЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы ономастика комиссиясының отырысында елордадағы екі мектеп пен мәдени ошаққа тұлғалар атын беру ұсынысы мақұлданды. Қалалық Қоғамдық кеңес отырысында аталмыш ұсыныстармен Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Есіркеп таныстырды.

Атап айтқанда, №54 мектеп-лицейге белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің, №86 мектеп-гимназияға ұлы жазушы, академик Мұхтар Әуезовтің, Мемлекеттік академиялық филармонияға көрнекті композитор, КСРО халық әртісі, ҚазақКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері, профессор Еркеғали Рахмадиевтің есімін беру ұсынылды. Қоғамдық кеңес мүшелері бұл ұсыныстарды қолдады. Енді аталмыш ұсыныс жақын күндері қалалық мәслихатта қаралады.

«АЛЖИР»-де ТУҒАН АРУ

«Анасы ұрлық жасады» деген жалған айыппен сотталып, «АЛЖИР»-де жазасын өтеп жүргенде дүние есігін ашқан қыздың тағдыры қалай өрбіді?



8-БЕТ

ЕКПЕ АЛСАҢЫЗ, ЕСІК АШЫҚ!

Елордада тұрғындарды вакцинациямен кеңінен қамту үшін 100 екпе жасау орны жұмыс істейді. Бүгінде қаладағы «Mega Silk Way», «Keruen», «Хан Шатыр», «Абу-Даби Плаза», «Азия Парк», «Сарыарқа» сауда, ойын-сауық кешендерінде, «Астаналық», «Әлем» сауда үйлерінде жалпы халыққа арналған екпе орындары іске қосылған.

Вакцинация пункттерінің кеңеюіне байланысты медицина ұйымдарының жұмыс уақыты қысқарып, 08:00-22:00 аралығына белгіленсе, сауда, ойын-сауық кешендерінде сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін екпе алуға болады.

№61 (4185) 27/05/2021 Бейсенбі

ЕЛБАСЫ

Елбасы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің төрағасы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады. Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаевқа ұлттық компанияның былтырғы жұмысының негізгі нәтижелері мен қазіргі қызметі туралы ақпарат берілді. Ғ.Пірматовтың айтуынша, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы өзінің атом саласындағы сенімді серіктес әрі отын жеткізуші мәртебесін нығайтып, ең ірі табиғи уран сатушы ретіндегі орнын сақтап қалды. Жаһандық пандемияның сын-қатерлеріне қарамастан, компания 2020 жылға жоспарланған барлық көрсеткіштерге қол жеткізді, кейбіреуі бойынша жоспар асыра орындалды.

* * *

Елбасы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбайды қабылдады. Нұрсұлтан Назарбаев кездесуде мемлекетаралық диалогты нығайтудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің болашағы, оның Азия мен бүкіл дүние жүзіндегі ынтымақтастық пен қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі туралы пікірін айтты. Қ.Сарыбай Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес төрағалығындағы басымдықтары мен бастамаларын жүзеге асыру бойынша хатшылықтың атқарып жатқан жұмысы туралы баяндады.

ПРЕЗИДЕНТ

Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжановты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомство жұмысының қорытындылары мен Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы есеп берілді. Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасына мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарын үйлестіру жөніндегі жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Бұл ретте Президент өздерінің қарамағындағы құрылымдарда сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу үшін тиісті шаралар қабылдамайтын басшыларға ықпал етудің пәрменді тетіктерін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тұрғысынан министрлер мен әкімдер қызметінің тиімділігін бағалаудың нақты талаптары әзірленеді. Бұл мәселеде енжарлық танытқан басшылар жауапқа тартылады.

ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын I оқылымда мақұлдады. Құжатты талқылау барысында палата спикері Нұрлан Нығматулин жуық арада ғана Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімді қарағанын, сол кезде Қазақстанда ЕАЭО бойынша серіктестеріміздің – Ресей мен Беларусьтен айырмашылығы бағалы металдардың заңсыз айналымы саласында жасалған қылмыстар үшін «Неге қылмыстық жауапкершілік жоқ?» деген сұрақ туындағанын атап өтті. Нәтижесінде тек әкімшілік жауапкершілік қарастырылғаны анықталды. «Бұл осы саладағы қылмыстық белсенділіктің кең көлемде өсуіне әкелгені анық. Мәселен, тек Степногорск өңірінде 2015-2020 жылдар аралығында құрамында алтыны бар заңсыз өндірілген 6 357 тонна шикізат тәркіленді» деді Н.Нығматулин. Нәтижесінде ел экономикасына, оның ішінде салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түспеуі түрінде елеулі залал келтірілгенін атап өтті.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ӘЗІРЛЕНЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өндіруші салалардағы мәселелер жөніндегі жаһандық дөңгелек үстел отырысында бейне үндеу жасады. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің бастамасымен өткен виртуалды іс-шараға мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, халықаралық ұйымдардың жетекшілері, іскерлік топтардың өкілдері мен сарапшылар қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде коронавирустан кейінгі қайта қалпына келтіру ісі қоршаған ортаны қорғау мәселесін халықаралық күн тәртібіндегі ең өзекті проблема ретінде қоюға жақсы мүмкіндік береді деген пікір айтты. Мемлекет басшысы Қазақстанның көміртегінен ада экономиканы дамытудың баламасы жоқ деген ұстанымда екенін жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстан ТМД-да Париж келісімін бірінші болып ратификациялап, орнықты даму мақсатына қол жеткізуге бағытталған белсенді климаттық саясатты алғаш қабылдаған ел болды.

Президент Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегінен таза ел болуға қол жеткізуге ниетті екенін еске салды. Бұл бастама 2020 жылы желтоқсанда өткен Климаттың өзгеруіне байланысты маңызды міндеттер жөніндегі саммит барысында айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның әлемде ең көп энергия пайдаланатын ел екеніне назар аударды. Өйткені өнеркәсіптің 50 пайызын өндіруші сектор құрайды. Электр энергиясын өндірудің шамамен 70 пайызы бұрынғыша көмірге тәуелді болып отыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қазақстанның орнықты дамуында өндіруші өнеркәсіптің экологиялық талаптарға сай болуын басты міндет және зор басымдық деп атап өтті.

Президенттің айтуынша, қазіргі уақытта Қазақстанды 2050 жылға дейін көміртегін аз пайдаланып, дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. «Көмір жағу салдарынан туындайтын энергетикалық теңгерімге тәуелділікті азайту үшін газ және су энергетикасын дамыту, жаңартылатын қуат көздерін пайдалану сияқты негізгі басымдықтарды шешуге бағытталған электр энергетикасын дамыту жөніндегі Ұлттық жоба әзірленеді. Бұдан бөлек, алдағы бес жыл ішінде Қазақстанда 2 миллиардқа дейін ағаш отырғызылады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің әлем енді бұрынғыдай болмайды деген сөзін қолдады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев бірде-бір мемлекеттің артта қалмауы үшін белсенді түрде халықаралық күшті жұмылдыруға шақырды. Ал 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған күн тәртібі толық іске асырылуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев нақты әрі экологиялық қайта қалпына келтіру ісі 2030 жылға дейінгі орнықты дамудың күн тәртібі мен Париж келісімінде көрсетілген міндеттердің ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Мемлекет басшысының пікірінше, 2021 жыл климаттың жылдам өзгеруін және қоршаған ортаның бұзылуын баяулатуға мүмкіндік беріп отыр. «Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған игі шараларды сауда және инвестицияларға қарсы қолданылатын кедергіге айналдырмау аса маңызды. Мен Қазақстанның осы игі бастамаларды нақты қолдайтынын растаймын» деді Президент.

ЖАҢА ҚУАТ КӨЗДЕРІН ҚОСУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Бейне конференция режимінде өткен жиын барысында Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Қазақстандық Күн энергиясы ассоциациясы директорлар кеңесінің төрағасы Нұрлан Қапенов, «Total Energies Kazakhstan» компаниясының бас директоры Алем Фрига-Ной баяндама жасады.

Жиынды ашқан Мемлекет басшысы еліміздің электр энергетика саласын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Бүгінде энергетиканың Қазақстан экономикасындағы рөлі зор. «Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндеттің бірі. Қазақстанда энергияны тұтыну қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Бірақ іске қосылып жатқан жаңа қуат көздері оған сай емес. Сұраныстан артық өндірілген электр қуаты таяу арада сарқылуы мүмкін. Шын мәнінде, еліміздің дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзінде энергияны тиімді жұмсауға және үнемдеуге баса мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев тарифтердің әділдігі мен қолжетімділігін маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселе деп санайды. Пандемияның кері әсерін төмендету мақсатында осы жылдың 1-тоқсанының соңына дейін барлық тариф түрлері кейінге шегерілді. Сонымен қатар тарифтерді үнемі бір деңгейде ұстап тұру мүмкін емес. Тарифтер дәйекті шығындарды жабуға және саланың дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс.

Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстанды 2050 жылға дейін көміртегін аз пайдаланып, дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Сондай-ақ Үкімет Электр энергетикасын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны пысықтауда, еліміздің 2035 жылға дейінгі энергиялық теңгерімі дайындалуда.

Мемлекет басшысы атом энергетикасынан алдын ала бас тарту дұрыс емес әрі қате деген мамандардың пікірімен келісті. «Атом станцияларының құрылысын бастауға асықпаймыз, алайда бұл істі кейінге ысыруға да болмайды» деді Президент.

Мемлекет басшысы өз сөзінде электр желілері компанияларының жұмысын реттеу қажет екенін атап өтті. Үкімет пен облыстардың әкімдіктеріне электр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту үшін кешенді шаралар қабылдау тапсырылды.

ТӘЖІКСТАН ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Тәжікстанның Қазақстандағы елшісі Хайрулло Ибодзодамен кездесті.

«Бүгін Тәжікстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Хайрулло Ибодзодамен кездестім. Кездесу барысында ынтымақтастықты одан әрі нығайту, екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды дамыту перспективалары, инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар талқыланды. Осылайша бірлескен инвестициялық жобаларды құру және іске асыру жеке инвестицияларды тартуға және жаңа тұрақты жұмыс орындарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ туризм саласындағы ынтымақтастық перспективалары, атап айтқанда, біздің елдеріміздің астаналары арасындағы ынтымақтастықты күшейту мәселелері талқыланды» деп жазды елорда әкімі өзінің Instagram парақшасында.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Айжан СҚАҚОВА,
Мәжіліс депутаты:

Қазақстанда бала күтіміне қатысты әйелдерге берілетін жәрдемақы мөлшері өте күлкілі! Мәселен, жұмыссыз отырған әйелге ай сайын төленетін жәрдемақының мөлшері мынадай: бірінші балаға – 16802 теңге, екінші балаға – 19865 теңге, үшіншіге – 22898 теңге, төртіншіге және одан көп балаға – 25961 теңге. Бұл бір күнге 560-тан 865 теңге аралығында. Ал түрмеге қамалған бір қылмыскерге күн сайын 1018 теңге жұмсалады. Баланың анасына жәрдемақы төлеу қарастырылмаған!

(26.05.2021 ж. Премьер-министр орынбасары Е.Тоғжановтың атына жолдаған депутаттық сауалынан алынды)

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ

БЕРЛИН

Берлин тұрғындары пәтер жалдау ақысының қымбаттауына байланысты наразылық шеруін өткізді. Ереуілге 10 мыңға жуық тұрғын жиналған. Олар биліктен жаңа үйлер салуды, халықты әлеуметтік баспанамен қамтамасыз етуді талап еткен. Соңғы кездері қалада баспана жалдау бағасы күрт өсіп кетуіне байланысты көптеген адамдар пәтер ақысын төлей алмай қалған. Билік өкілдерінің мәліметінше, Германиядағы 83 миллион халықтың жартысы үй жалдап тұрады екен.

КУАЛА-ЛУМПУР

Малайзия астанасында екі пойыз соқтығысып, 213 адам жарақат алды. 6 адамның жарақаты ауыр. Тоннельге кірген пойыздар бір-бірін бетпе-бет келіп қаққан. Биліктің мәлімдеуінше, оның бірінде жолаушылар отырса, екінші пойыз қашықтан басқару сынағынан өткізіліп жатқан. Малайзия Премьер-министрі Яссин оқиғаның себебін анықтап, кінәлілерді қатаң жазалауға бұйрық берді. Бұл апат – қаланың 23 жылдық теміржол транзиттік жүйесінің тарихындағы алғашқы оқиға.

№61 (4185) 27/05/2021 Бейсенбі

403 ТҮЛЕК «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Құрметті түлектер, соңғы қоңырау сіздердің және ата-аналарыңыздың өміріндегі ұмытылмас әрі әсерлі күндердің бірі. Ересек өмірге аяқ басқалы отырсыздар. Өмірлеріңізде жаңа, жауапты кезең басталмақ. Осы жылдар ішінде мектеп қабырғасында мұғалімдердің қажырлы еңбегінің арқасында білім алдыңыздар, олимпиадаларға қатыстыңыздар, жүлделі орындарға ие болдыңыздар, жаңа достар таптыңыздар. Бір сөзбен айтқанда, тұлға ретінде қалыптасып, өстіңіздер! Алдағы уақытта сіздерді студенттік шақ, жаңа білім әлемі мен жаңа әсерлер күтуде. Бастысы, өз күшіңізге сеніңіздер. Өмірде қиындықтар болады, бірақ ең бастысы – қорықпау, әр кез еңселеріңізді түсірмеу, күн сайын еңбек ету» деді Алтай Көлгінов.

Қала әкімінің айтуынша, мемлекет сапалы білім алу үшін жағдай жасауға ерекше көңіл бөліп жатыр. Тұрғын үй мәселесі бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Elorda Jastary» бағдарламасының тұжырымдамасы әзірленді. Онда сапалы және қолжетімді білім беру, жеңілдікпен берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналасуға көмек көрсету және жастардың кәсіпкерлігін дамыту, кәсіптік бағдарлау, салауатты өмір салтын жүргізу және т. б. негізгі бағыттар қамтылған.

«Елорда – армандар орындалатын қала. Сіздердің де арман-мақсаттарыңыз міндетті түрде жүзеге асады! Өздеріңізге зор денсаулық, табыс тілеймін, биіктерді бағындырыңыздар!» деп жазды әкім.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР АДАМДАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

Португалияда өткен пара жүзуден Еуропа чемпионатында елорда тұрғыны Сиязбек Далиев алтын медаль алды. Ол баттерфляй стилінде 50 м қашықтықта 35,7 секундта жүзіп шықты. Бұл қуанышты хабарды елорда әкімі Алтай Көлгінов өз Instagram парақшасында жазды.

– Әр жеңіс күш-жігерді, тұрақты жаттығуды, дайындықты талап етеді. Спортшыларымыздың ерік-жігері жастарға үлгі болса, олардың жоғары жетістіктері елдің әлемдік аренасындағы беделінің нығаюына септігін тигізіп келеді. Өз тарапымыздан спортпен айналысу үшін әрі қарай қолдау көрсетіп, жағдай жасаймыз, – деп жазды әкім.

Сиязбек – пара жүзуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2018 жылғы Азия ойындарының пара чемпионы, 2019 жылы Лондонда өткен әлем чемпионатының финалына шыққан танымал спортшы. Қазір ол жасөспірімдер спорт мектебінде, ерекше қажеттілігі бар спортшыларға арналған спорт мектебінде еңбек етіп, өз тәжірибесімен бөлісіп жүр.

Сонымен қатар елордада оңалту орталықтары желісін кеңейту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткен әкім тек өткен жылдың өзінде «Асыл мирас», «Ерекше балалар», «Орда», «Қамқорлық» сияқты ірі оңалту орталықтары ашылғанын жеткізді.

«Қалада халықаралық деңгейдегі мамандандырылған паралимпиадалық жаттығу орталығы жұмыс істейді. Ерекше қажеттілігі бар тұрғындар үшін ақысыз. Орталықта спорттың 17 түрі бойынша жаттығулар өткізіліп, 3,5 мың адамды басқаруға жағдай жасалды.

Барлық қатардағы ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін спорт кешенін саламыз. Онда келесі пәндерді іске асыруды жоспарлап отырмыз: көру қабілеті бұзылған балаларға арналған футбол, арбадағы баскетбол, арбадағы регби және т. б. Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Осы жылдың бірінші жартысында көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған балабақша ашамыз. Сарыарқа ауданында орналасқан бұл нысан 90 орынға есептелген» деп жазды А.Көлгінов.

ӘКІМ ЕКПЕ САЛДЫРДЫ

Елорда әкімі Алтай Көлгінов мұғалімдермен бірге коронавирусқа қарсы вакцина алды.

Қала басшысы бас қалада егу пункттерінің саны 100-ден асқанын жеткізді. «2020 жылдың көктемінен бастап мұғалімдер мен оқушылар қашықтан оқу форматына көшті. Осы уақыт ішінде көптеген адамдар үйреншікті оқыту форматы – офлайн режимін сағынды. Жаңа оқу жылында мектеп оқушылары мен мұғалімдер бұрынғы оқыту форматына оралуы үшін бәріміз COVID-2019-дан ұжымдық иммунитетті қалыптастыруымыз керек. Халыққа ыңғайлы болу және вакцинациямен көбірек қамту үшін қалада медициналық ұйымдарда егу пункттерінің саны 100-ге дейін артты. Сондай-ақ ірі СОО және т. б. қосымша вакцинация пункттері ашылды. Көшпелі бригадалар еңбек ұжымдарын егеді. Вакцинация өзіңізді де, айналаңыздағы адамдарды да қорғайды. Санитарлық нормаларды сақтау және ұжымдық иммунитетті қалыптастыру арқылы ғана біз бұрынғы өмір ырғағына қайта ораламыз» деп жазды елорда әкімі өзінің Instagram парақшасында.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Елордада жазғы демалыс «Қазақстан балалары жазды қуанышпен қарсы алады!» атты ұранмен өтеді. Жазғы кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі. Бұл туралы онлайн брифингте Білім басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазинова мәлімдеді.

Римма Иманғазинованың айтуынша, жаз мезгілінде қала сыртындағы 240 орындық «Arman» туристік-сауықтыру кешені мен 160 орындық «Боровичок» сауықтыру лагерінің жұмысы жанданады. «Аталған лагерьлер қаладан 100 шақырым жерде, яғни Ақмола облысында орналасқан. Санитарлық нормаларды сақтай отырып, 10 күннен 5 ауысым өткізу жоспарланып отыр. Лагерьлер 7 маусымнан 10 тамызға дейін ұйымдастырылады. Штаттық қызметкерлер – тәлімгерлер, тәрбиешілер, медициналық қызметкерлер, аспаздар, техникалық қызметкерлер құрылды» деді ол.

Сондай-ақ әл-Фараби және Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының базаларында санитарлық нормаларды сақтай отырып балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жоспарлануда. Бірақ ас-суы қамтамасыз етілмейді.

Туындаған сұрақтар бойынша Білім басқармасының Call-орталығына 55-68-51 телефоны бойынша хабарласып біле аласыздар.

САНТЬЯГО

Чилиде коронавирусқа қарсы вакцина салдырғандарға жеңілдік жасалып, ел аумағында еркін қозғалуға рұқсат етілді. Ел астанасы Сантьягодан басталған шара азаматтарды COVID-19-ға қарсы екпе алуға ынталандыру үшін қолға алынған. Жаңа тәртіпке сай екпенің екі дозасын алғандар карантин енгізілген аймақтарға да бара алады. Осы мақсатта телефон арқылы арнайы қосымша ашылған. Бірақ бетперде тағу және арақашықтықты сақтау талаптары әлі бар. Жалпы Чилиде қазірге дейін коронавирусқа қарсы екпенің 2 дозасын 8 миллионға жуық тұрғын алған. Бұл Чили халқының 50 пайызынан асады.

БЕЙЖІҢ

Қытай астанасында киізден жасалған қуыршақтар көрмесі өтті. Қолөнер шебері Инь Юэнің бұл іспен айналысып жүргеніне 10 жылдан асыпты. Содан бері киізден жасаған дүниелері талай көрменің көркін келтірген. Ерекше қуыршақтар тек Қытайда ғана емес, Жапония жеріндегі көрмелердің төрінен табылған. Себебі шебердің қолынан шыққан бұйымдар галеристер мен жеке коллекционерлер арасында жоғары сұранысқа ие екен. «Киізден жасалған бұйымдарды алғаш рет интернеттегі суреттерден кездейсоқ көріп қалдым. Қатты қызығып, ойыншықтарды өз қолымен жасап көруге бел будым» дейді суретші.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

? – Мен абаттандыру туралы сұрайын деп едім. Талдықөл аумағында қандай абаттандыру жоспары бар?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

! – Талдықөл айналасында адамдар демалатын орын жасау жобасы бар. Біз бұл аймақты көгалдандырамыз. Жаяу жүргіншілерге арнап тротуарларды, басқа да қажет нысандарды саламыз. Бұл экологиялық жоба болады. Дәл осындай жоба Майбалық көлі – әуежай маңайында әзірленген. Жалпы алғанда, қала маңындағы аумақтарды дамыту, әсіресе экологияны жақсарту бойынша жобалар бар. Жалпы қаланы көгалдандыру жұмысы ешқашан тоқтап қалмайды. Себебі қала халқына жайлы орта жасау және бас қаламызды көріктендіру – біздің маңызды міндеттеріміздің бірі. Бұл жұмысқа қала тұрғындары да атсалысып жатыр.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Ермат ТҰРСЫН, елорда тұрғыны:

– Биыл жұмыспен қамту мақсатында кәсіпкерлерге қандай тиімділіктер жасалады?

Оқырман сұрауына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік ШӘПКЕНОВТІҢ жауабын ұсынамыз:

– Биыл жұмыспен қамтудың жол картасын іске асыруға 300 млрд теңге бөлу көзделген. Оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлттық банктің облигациялық қарызы есебінен 200 млрд теңге қарастырылған. Биыл жол картасы халықтың өмір сүру сапасын арттыру, шағын және орта бизнесті дамыту, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, өңірлерде бизнесті дамыту сияқты төрт бағыт бойынша іске асырылады. Қаржыландыру лимиттері жұмыс күшінің үлесіне сәйкес айқындалып, өңірлер бойынша бөлінеді. Қаражаттың негізгі бөлігі – 42,5 пайызы немесе 127,5 млрд теңге халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталады. Агроөнеркәптік кешенді дамытуға – 100 млрд теңге, өңірлерде бизнесті дамытуға және «Атамекен» ҰКП мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен микроқаржы ұйымдары арқылы микрокредит беруге 72,5 млрд теңге – 2,24 пайызы бағытталған.

АСТАНА АУДАНЫ

Байқоңыр ауданында шұңқырларды жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Аудан әкімінің аппараты қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасымен бірге ауданның жол жабындысын жөндеу жоспарын әзірлеп, оған сәйкес жөндеуді қажет ететін 47 жол телімдерін анықтады.

Бүгінгі таңда 15 жол бөлігінде тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Сондай-ақ аудандағы Толстой көшесінде орналасқан №17/1 үйінің ауласы автотұрақ орындарымен қамтамасыз етілуде. Жалпы көлемі 1200 м² болатын тұрақ жақында пайдалануға беріледі.



ӨҢІР ӨМІРІ

Шымкенттегі отбасы институтын қолдау орталығы жұмыс жүйесін кеңейтті. Мұнда аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналарға кәсіпкерлік жөнінде бағыт-бағдар беру, қысқа мерзімді курстарға жіберу, жұмысқа бейімдеу, қаржылық сауаттылығын арттыру қарастырылған.

Сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік және құқықтық кеңес беру де басты назарға алынған. Орталықта аналар 6 бағыт бойынша тегін курстардан өтеді. Сенім байланыс телефоны арқылы өтінім қалдырып, кезек бойынша курстарға қатыса алады. Шымкент қаласында көпбалалы 38 мыңнан астам отбасы бар. Ал атаулы әлеуметтік көмек 26 мыңнан астам жанұяға төленеді.

№61 (4185) 27/05/2021 Бейсенбі



ЕЛБАСЫ және ЕЛОРДА

galym_k1963@mail.ru
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Биыл – Алаш жұрты, Қазақ елі үшін ерекше мерейлі жыл. Тәуелсіз мемлекет атанған Қазақстан 30 жылдық белесіне шықты. Бұл, тарих безбеніне салсақ, көп уақыт емес, десек те дербес мемлекет ретінде дамудағы сындарлы жылдар болғаны айқын. Жыл санап тарих қатпарына айналып бара жатқан сол жылдар Қазақстан елі үшін, қазақ халқы үшін ғасырға татитын тарихи оқиғалармен өрнектелді. Солардың ішінде егемен еліміздің, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихындағы алтын әріппен жазылған ақжолтай оқиғаның бірегейі жаңа астанамыздың салынғаны болса керек. Бұл жоба, бұл көш ұлттың мерейін ұлықтады, халықтың рухын көтерді.

ТАРИХТЫҢ ҚАТАЛ ТАЛАБЫ ОСЫНДАЙ

Бүгінгі мақала тәуелсіздігіміздің тұғырына айналған жаңа астанамыз жайында болған соң, осы қаланың негізін қалаған Нұрсұлтан Әбішұлының бір сұхбатында берілген жауаптарынан үзінді жариялауды жөн көрдім.

«...Астананың алғашқы авторы – тәуелсіздік. Қазақстан тәуелсіздік алмаса, Астана өмірге келмес еді. Бұл басы ашық жай.

Астананы көшіру Қазақстанды жас тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыруда зор рөл атқаратынына сенімді болдым.

Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Ел қатарлы Одақтан бөлініп шыққаннан, тәуелсіздік алғаннан, Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданғаннан, Туды, Гимнді, Гербті бекіткеннен ел бірден шын мәніндегі тәуелсіз мемлекет бола қалмайды. Шынтуайтында, жаңағы жайлардың бәрі – кез келген мемлекеттің міндетті атрибуттары. Тәуелсіздіктің басты белгісі – өзіңнің тағдырыңды өзің шешуге қабілеттілігің. Тәуелсіз саясат жүргізе алуың. Соған шамаңның жетуі, мүмкіндігіңнің келуі. Еуразияның қақ ортасында біз орнатқан Астана – Қазақстан халқының дербес таңдауы. Астана – елдің болашаққа салған көпірі. Жаңа қоғамның символы. Біз іс жүзінде жаңа мемлекет орнатуды астанамызды жаңадан салудан бастадық десек те артықтығы жоқ».

Елбасының мына бір сөзіне зейін қойсақ, жүрек толқымай тұрмайды деп ойлаймын: «Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дархан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай».

Иә, Елбасы ел тағдырына балаған елордамыздың бүгінгі келбетіне шаттана қарап отырып, осыдан 23 жыл бұрынғы күндерді еске алсақ, байырғы Ақмола бүгінгідей астана болады дегенге біріміз сеніп, біріміз күмән келтіргеніміз де айдай ақиқат еді. Сонау 1994 жылдың 6 шілде күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясында мемлекет астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы ұсынысын ортаға салғанда, бұл ұсынысқа көпшілік күмәнмен қарағандар да болған. Дегенмен Елбасының көрегендігі мен табандылығы ел мүддесімен үндесіп жатқанын түйсінгендер қатары көп кешікпей көбейе берді. Сөйтіп 1997 жылдың 10 желтоқсаны күнінен бастап Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың елдіктің келешегіне жасаған тарихи шешімі, яғни мемлекеттің астанасын көшіру туралы бастамасы ресми жағдайда жүзеге аса бастады. Алдымен Президент резиденциясын салу қолға алынды. Облыстық әкімдіктің ғимараты, бұрынғы Кеңестер үйі айналдырған алты айда қайта жарақтандырылып, Мемлекет басшысының жұмыс орнына айналып шыға келді. Ал оның жанындағы он тоғыз қабатты ғимаратқа Парламент орналасты. Есілдің сол жағалауында Үкімет министрліктер үйлерінің де қазықтары қадалып жатты.

Ел үшін бір жағынан стратегиялық, бір жағынан ұлттық мүдделерді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жаңғыртуды жүзеге асыратын осы ғаламат жобаның авторы өзі болғандықтан, Нұрсұлтан Назарбаев жаңа астанаға бірінші болып өзі келген еді. Елбасының бұл қадамы пессимистердің күмәнін күлдей ұшырды.

Сөйтіп белгіленген уақытта Сарыарқаның сарышұнақ аязы буып тұрған сәтте Мемлекеттік ту, Елтаңба эталондары, Президент штандарты жаңа елордаға әкелінді. Өз көзіммен көрген осы бір тарихи шараның әрбір сәті әлі күнге дейін жадымда жатталып тұр. Президент резиденциясынан Нұрсұлтан Назарбаев бастап шыққан Парламент және Үкімет мүшелері мінберге көтерілген сәтте қалың жұрт қуана қол соғып, зор қошеметін білдірген еді. Елбасы осы бір тарихи сәттің үстінде елжіреп сөйледі. Осы сәттен бастап тәуелсіз Қазақстанның астанасы ресми түрде Ақмола қаласы болатынын жария етті. Осылайша қала тұрғындары үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін тарихтың жаңа беті ашылды. Ұлт рухын сілкіндірген ұлы көш басталды.

Екі ғасырдың тоғысында орын алған қиындықтарға қарамастан мемлекеттің жаңа астанасын айқындаған Қазақстанға сол кезде бүкіл әлем қауымдастығы түрлі көзқараспен қарағаны да жасырын емес. Бірақ жас мемлекеттің кемел келешегі, ұлттың баянды болашағы үшін осындай қадам жасауға бекінген Нұрсұлтан Назарбаев алған бағытынан айнымады. Тәуекелге бел буып, жаңа астананы, жас қаланы салуға бел шешіп кірісіп кетті.

АҚМОЛАҒА ЕЛ АҒЫЛДЫ

Осылайша 200 мыңға жетер-жетпес тұрғыны бар Ақмолаға ел ағылды, жұрт жиналды. Әсіресе, жастар жағы жаңа астанаға көптеп келе бастады. Дәл бүгінгі таңда елорда тұрғындары 1 миллион 200 мыңнан асып отыр. Қаланың аумағы бұрын 300 мың шаршы метр жерді алып жатса, бүгінде бұл көрсеткіш үш есеге дейін ұлғайған. Бір ғана мысал айтсақ, бұрынғы қалада жылына шамамен 4 мыңға жуық сәби дүниеге келетін болса, қазіргі кезде 25 мың астаналықтың кіндігі кесіледі екен. Қазір бұл қалада 100-ден аса мемлекеттік балабақша, 300-ге жуық жеке балабақша бар.

«Қала деген – қамалдар емес, адамдар» деген тәмсілді ұстанған Елбасы мемлекет басшысы ретінде бұл қаланың қарқынды дамитынын алдын ала болжап, алғашқы құрылыстардың басында өзі болып, әрбір салынатын жаңа нысанның архитектуралық-жобалық жұмыстарына ерекше назар аударды. Түсіне білсек, қала салу деген – тәуекелді қарекет, бұл – жүздеген, миллиондаған адамның келешегіне өзгеріс әкелетін үлкен құбылыс.

Шын мәнінде, Нұрсұлтан Назарбаев үлкен тәуекелге барғаны сөзсіз еді. Өйткені 90-жылдары астана салмақ түгілі, бұрынғы одақтас елдердің көпшілігінде «ұлы күйреуден» кейін елдің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін тұрақтандырудың өзі оңайға соқпай жатқан кез болатын. Алайда қазақ көшбасшысы алған бетінен қайтпады, тек келешекке көз тікті. Қазақ елінің жаңа астанасын салуға дүние жүзінің назарын аудартты. Қолда барды мүмкіндігінше пайдалана отырып, шетел инвесторларын да қызықтырып тарта білді.

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ЖАУҢАРЫ

Сол бір сындарлы кезеңді Нұрсұлтан Әбішұлы «Еуразия жүрегінде» атты кітабында былай деп еске түсіреді: «Жаңа астана салу конкурсқа айтулы сәулет державаларынан және бұл тұрғыда әлемге жайылған атақтары бар: Жапония, АҚШ, Австралия, Италия, Франция, Германия, Ресей, Финляндия, Корея, Болгария, Пәкістан, Польша, Чехия, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан және Латвия сияқты елдерден 50-ден астам жоба түсті. Барлық жобалар Конгресс-холға қойылды, сөйтіп олармен әркімнің танысуына толық мүмкіндік туды. Ұсыныстар топтамасының ішінен халықаралық конкурстың шарттары мен талаптарына жауап бере алатын 27 жобалық әзірлеме беделді қазылар алқасының қарауына іріктелді. Сөйтіп конкурс қорытындысы бойынша Қазақстанның жаңа астанасын салудың бас жоспары ретінде заманымыздың аса көрнекті сәулетшілердің бірі – жапон концептуалисі Кисе Курокаваның жобасы қабылданды».

Әлемдік сәулет өнері тарихында өзіндік қайталанбас қолтаңбасымен танылған, Амстердам қаласындағы Ван Гог мұражайы, Куала-Лумпурдың халықаралық әуежайы, Осака қаласының Ұлттық экологиялық мұражайы, Болгариядағы «Витоша» қонақүйі, «Сони» корпорациясының мұнарасы сияқты жобалардың авторы, атақты жапон архитекторы Кисе Курокава Астана бас жоспарының бас сәулетшісі атанды. Курокаваның бас жобасы бойынша астананың архитектуралық ансамблі қазіргі заманның еуропалық және азиялық сәулет өнері жетістіктерімен үндесті. Атақты сәулетші идеясының мәні қала құрылысы мен табиғи экологиялық жүйенің үйлесімдікпен дамуы болып саналды. Қала құрылысы доктринасының нақ осындай үлгісі тұңғыш рет Астана қаласы құрылыс алаңдарында тәжірибе жүзінде іске асырыла бастады. Осылайша Қазақ елінің жаңа астанасы әлемдік архитектуралық ақыл-ойдың тәжірибе алаңына айналды. Астаналық архитектуралық ансамбльде шығыс сәулет өнерінің жауһарлары мен батыс сәулетшілерінің батыл идеялары жарқырай көрініс тапты. Бас қаланың бас жоспарын жапондық сәулетші Кисе Курокава жасаса, қаланың архитектуралық әсемдігін әспеттеген «Пирамида» мен «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы, сонымен қатар көркімен де, келбетімен де көз тартатын, бүгінгі таңда құрылысы аяқталып қалған «Абу-Даби Плаза Астана» кешені атақты ағылшын архитекторы Норман Фостердің шығармашылығынан туындаса, ал «Қазақстан» концерт залы италиялық сәулетші Манфреди Николеттидің қолтаңбасы болып табылады.

НОРМАН ФОСТЕР ҚОЛТАҢБАСЫ

Лондон қаласындағы атақты Millennium Bridge ғимаратын, Пекиндегі әлемдегі ең ірі әуежай құрылысын салған ағылшын сәулетшісі, бүгінгі әлемдік архитектуралық ақыл-ойдың көшбасшыларының бірінен саналатын Норман Фостер Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясымен жүзеге асырылып жатқан Қазақ елінің жаңа астанасының құрылысына үлкен шабытпен келді. Ол ғасырлық құрылыс алаңына келіп, Президенттің тікелей тапсырмасымен бас қаламыздағы Бейбітшілік және келісім сарайының ғимаратын тұрғызды. Сондай-ақ әзірге сәулет өнерінде баламасы жоқ «Хан Шатыр» ғимарат кешенін салды. Астанада бой көтерген Бейбітшілік және келісім сарайының құрылысы туралы ұлыбританиялық архитектура сыншысы Хью Пирман өзінің пікірін былай білдірген еді: «Әлем пирамидасы дала төсіндегі жаңа елордада салынатын орасан зор пирамида, ол қазіргі заманғы әлем кереметінің бірі бола алады. Ғимарат бүкіл әлемдегі бейбітшіліктің, зорлық-зомбылықтан бас тартудың, адамдардың сенімі мен теңдігін нығайтудың нышаны болады деп жоспарлануда. Осындай ғимарат салуға тапсырыс беру үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болу керек». Шын мәнінде, осы бүгінде ел ішінде «Пирамида» аталып кеткен Бейбітшілік және келісім сарайында Елбасының бастамасымен дүние жүзінде баламасы жоқ іс-шаралар өтті. Бүкіл әлемдегі дін басшылары осы сарайда қатар отырып, дүние жүзіндегі бейбітшілік пен келісім туралы мәмілеге келді, қазақ жерінен жер-жаһанға үндеу жариялады.

Елордамыздың сәулеттік жағынан дамуына қатысты отандастарымыздың да ақжарма сөздері аз айтылған жоқ. Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шота Уәлиханов былайша сыр шертеді: «Астана дүние жүзіндегі үздік архитектура бойынша салынып жатыр. Мұнда бой көтерген кешендер, әуелі, әлемдік сәулет өнерінің жаңа туындалары болса, екіншіден, қазақ халқының арман-мұратын бойына сіңірген дүниелер. Әсіресе, «Бәйтерек», «Қазақ елі» секілді алып нысандар көне тарихтан сыр шертіп тұр. Бұл – халық санасындағы қиял-ғажайыптың тірілген болмысы».

АСТАНАНЫҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ – АДАМДАРЫ

Иә, осындай Елбасының жарқын идеялары негізінде салынған елордамыздың келбеті жылдан-жылға жаңарып келеді. Бұл ретте, әрине, бірінші кезекте құрылыс саласы ойға оралады. Қала тұрғындарының саны артқан сайын әлеуметтік мәселенің алға шығатыны анық. Мектеп керек, балабақша керек, емхана мен аурухана керек... Міне, осының бәрі қаражатты, жұмыс күшін қажет ететіні заңдылық. Осы орайда отандық және шетелдік инвестицияны тарту керек. Бұл орайда елорда әкімдігі тарапынан тиянақты жұмыс жүргізіліп жатқаны сөзсіз. Мәселен, соңғы 4 жылды алып қарар болсақ, Нұр-Сұлтан қаласында 2018 жылы 1100 пәтер, 2019 жылы 2900 пәтер, 2020 жылы 7000 пәтер пайдалануға берілсе, 2021 жылы 10000 пәтер беру жоспарланған. Сондай-ақ биыл 16 мектеп салынатын болды. Бұл қосымша 40 мың оқушыны қабылдауға жарайтын болады. Бірнеше балабақшалар құрылысы жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі таңда қаланы газдандыру жұмысы қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазір қала бойынша 300 километр газ тарату желілері салынды. Бірқатар тұрғын алап тұрғындары бүгінде газдың игілігін көріп отыр. Иә, бүгінгі астанамыз әлемдік сәулет өнерінің үздік үлгілерімен үкіленген зәулім ғимараттары бірінен соң бірі бой көтерген зәулім шаһарға айналды. Президент резиденциясы «Ақорда», Парламент және Үкімет үйі, Тәуелсіздік сарайы, «Бәйтерек» монумент-кешені, Қазақ елі алаңы, «Бейбітшілік және келісім» сарайы, «Астаналық цирк», «Қазақстан» концерт залы, Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ драма театры, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Әзірет Сұлтан, «Нұр Астана» мешіттері, «Астана Арена», «Сарыарқа», «Алау», «Барыс Арена» спорт кешендері, Жақсылық Үшкемпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайы, «Хан Шатыр», «Керуен», «Mega Silk Way» сауда-ойын-сауық орталықтары, «Абу-Даби Плаза Астана», «Астана ЭКСПО», «Мәңгілік ел» секілді нысандар бүгінде елордамыздың сәулеті мен дәулетін айшықтап тұр.

Бүгінгі Нұр-Сұлтан бар қазақтың бас қаласы ғана болып қоймай, Орталық Азиядағы саяси-экономикалық, мәдени-рухани тұрғыдан стратегиялық орталыққа да айналып отыр. Елордамызда Елбасымыздың бастамасымен әлемнің маңдайалды саясаткерлері мен кәсіпкерлері, ғалымдары мен өнер қайраткерлерінің қатысуымен өткен форумдар халықаралық қоғамдастықтың жоғары бағасын алғанын талай жаздық. Астана төрінде өткен ЭКСПО халықаралық көрмесі, ОБСЕ саммиті, Азия ойындары және басқа да орасан тарихи шараларға бүкіл әлем көз тіккені сөзсіз еді.

Жалпы астананы еліміздің орталығына көшіру мемлекетіміздің халықаралық қоғамдастық арасында бәсекелестікке төтеп бере алатын, кемел келешекті көздеген, өркениетке ұмтылған елге айналғанын айқындады. Қазақ ұлты ретінде, дербес мемлекет ретінде әлемге танылдық. Әрине, ол кезеңде жаңа астана елдігімізге де, Елбасыға да сын болғаны сөзсіз. Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа астанамызды ресми таныстырған салтанатты мәжілісте «Бүгінгі күні басымды иіп, адал перзенттік жүрегіммен: Садағаң кетейін, айналайын халқым. Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр – бәрін аянбай сарп етуге пейілмін дегім келеді» дегені жаңа астананы тәуелсіздігіміздің тірегіне, Отанымыздың жүрегіне балағаны анық. Сондықтан да бүгінгі елордамызды әлем жұрты да, барша қазақстандықтар да Нұрсұлтан Назарбаевпен байланыстырып айтады.

АРМАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫ

Құдайға шүкір, кезінде біреуге жалған болған, біреуге арман болған астана бүгінгі таңда халықаралық қауымдастық танған, мойындаған қалаға айналды. Елбасымыздың асқақ мақсаты орындалды. Астанамыз жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті өркендеп, барша қазақстандықтардың бас ордасына айналды. Астаналықтар саны миллионнан асып жығылды. Сондықтан да біз бүгін Қазақстанның дамуына серпін берген жаңа елордамыздың авторына ризашылық сезіммен «Астана – Елбасының ерлігі» деп айтамыз. Елорда мен Елбасы егіз ұғымға айналды. Ел үшін де, Елбасы үшін де, елорда үшін де марқайып жүретін болдық.

Олай болса байтақ даланың төсіндегі арман қала асқақтай берсін демекпіз. Мәңгілік елдің тарихына «Елорда салған ер қазақ» болып жазылған Нұрсұлтан Әбішұлы мен еліміздің жүрегіне айналған елордамыздың мерейлері үстем бола бергей! Елбасы бір сөзінде «Жаңа астана – ежелгі қазақ жерінің төрі» деген еді. Олай болса біз жаңа астананың тұрғыны ретінде бұл тарихи оқиға үшін мақтануымыз керек. Жай мақтанып қана қоймай, астаналық деген абыройлы атаққа сай болғанымыз абзал. Астаналық менталитетімізді қалыптастырғанымыз жөн. Осындайда француздардың «Парижді астана жасайтын париждіктер емес, париждіктерді астаналық жасайтын Парижі» деген осы бір тәмсіл сөзі еске түседі. Демек, біздің де астаналық тұрғындарымыздың мәдениетін тәрбиелейтін қаланың ортасы, келбеті, рухани ахуалы болмақ.

Иә, тәуелсіз еліміздің тарихында алтын әріппен жазылған жетістіктеріміздің бірегейі – жаңа астанамыз, бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы. Елдің мерейін асқақтатқан, мыңдаған қазақстандықтардың құтты мекеніне болған елордамыз шын мәнінде арман қалаға айналды. Екі ғасырдың тоғысында бой көтерген жаңа астана қаншама адамның тағдырын өзгертті, сондықтан осындай қала салуға тәуекел еткен, батыл да қажырлы еңбегі үшін қалың жұртшылық Елбасы мен елордамызды егіз ұғымға балайды.

Олай болса Ұлы даланың төсінде ұлықталған бас қаламыз Мәңгілік еліміздің тәуелсіздік тұғыры, Отанымыздың жүрегі болып соға берсін!

БЫЛТЫРҒЫ БЮДЖЕТ ҚАНШАЛЫҚТЫ ОРЫНДАЛДЫ?

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатында қаланың 2020 жылға арналған бюджетінің орындалу есебін тыңдау басталды. Осы тақырыпқа бірнеше отырыс өткізу жоспарланған. Сейсенбі күні былтырғы бюджет мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сондай-ақ заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында талқыланды.

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қалалық Қаржы басқармасының басшысы Әліби Жұмаев өткен жылы елорда бюджетіне 696 млрд 940 млн теңге түскенін мәлімдеді. Ал жоспар бойынша 661 млрд 040 млн теңге болуы керек еді. Бұл тұрғыдан жоспар 35 млрд теңгеге асыра орындалған. Салықтық түсімдер жағынан да оң нәтиже бар. Ал бюджеттің атқарылуы 98,9%-ды құрады.

Он үш бюджеттік бағдарлама әкімшісінің төртеуі бюджет қаражатын игермеген. Атап айтқанда, Құрылыс басқармасы, Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы бөлінген қаржыны игере алмаған.

Қаржы басқармасы басшысының есебін толықтырған қалалық Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев жергілікті атқарушы органдардың өткен жылғы жұмысының қорытынды есебін ұсынды.

Оның айтуынша, былтыр макроэкономикалық жағдай тұрақты болды. Алдын ала деректер бойынша өткен жылдың 9 айында елорданың жалпы өңірлік өнім жан басына шаққанда 3,4 млн теңгені құрады. Бұл – республика бойынша Алматы қаласы мен Атырау облысынан кейінгі үшінші көрсеткіш. 2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы бюджет кірістері 661 млрд теңгені құрады. Бұл жоспардан 36,2%-ға артық. Қаланы дамыту бағдарламасын дамытуға қатысты 203 іс-шараның 192-сі орындалған.

– 2020 жылы инвестициялық жобалар тізіміне көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл нақты стратегияның жоқтығын білдіреді. Ал осы жағдай сайып келгенде белгілі бір бағдарламаның түпкілікті нәтижелеріне әсер етеді, – деді И.Ақпомбаев.

Тексеру комиссиясы төрағасы Нұр-Сұлтан қаласын дамытуға, соның ішінде дағдарысқа қарсы іс-шараларға бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары қаралғанын жеткізді. Оның айтуынша, инфрақұрылымды салуға арналған қаражатты жоспарлау көптеген түзетулермен жүзеге асырылған. Жекелеген жобаларды іске асыруда құрылыстың нормативтік мерзімі сақталмаған. Аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен жұмыс істейтін жастарға арналған тұрғын үй нысаналы трансферттер есебінен сатып алынған. Алайда шаршы метрлер сәйкес келмеген. 28,9 млрд теңгеге салынған 20 нысан және 298 пәтер коммуналдық меншікке қабылданбаған.

– Жобалық-сметалық құжаттамаға түзету енгізу керек болғандықтан, 3-ЖЭО (ТЭЦ) құрылысы тоқтатылды. Көшелер мен жолдарды су басу проблемасы шешілген жоқ. Тиісті жұмыс осы уақытқа дейін аяқталмады. Алты нөсер кәрізі мен сумен жабдықтау нысандарының құрылысы уақытша тоқтады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы 47 жобаның он төрті бойынша ғана келісімшарттарға қол қойылды, – деді И.Ақпомбаев.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Алмат Сейітқұлов елорданы дамыту бағдарламасында 203 іс-шара қарастырылғанын, бұған 567 млрд теңге бөлінгенін жеткізді. Өткен жылы 14 үлестік құрылыс нысаны пайдалануға берілді. Бұл 1700 үлескердің проблемаларын шешті.

Қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Жанқонақовтың айтуынша, қала бюджетіне түскен қаржының үлкен бөлігін мемлекеттік аудит растамады. Бұл мемлекеттік органдарда бухгалтерлік есеп дұрыс жүргізілмейтінін көрсетеді. Сондықтан Қаржы басқармасы тарапынан бұған бақылауды күшейту керек. Депутат Талғат Қожахметов шағын және орта бизнесті қоспағанда, қала бюджетіне түскен салықтар есебін сұрады. Депутаттар көтерген мәселелерге Әліби Жұмаев жазбаша жауап беретін болды.

Депутат Гүлжамал Жапарова қаладағы тұрғын үй және жол құрылысы бойынша депутаттық сауал жолдағанын, алайда тиісті басқармалардан жауап ала алмағанына бір ай болғанын жеткізді.

Депутат Нұрлан Көпешов мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша өте аз жоба іске асырылғанына назар аударды. «Жобалық-сметалық құжаттамаға қаржы бөлінді, бизнеске барлық жағдай жасалып отыр. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шартын кім әзірлейді? Неліктен жобаларды тиімсіз жоспарлауға қатысты тиісті шаралар қолданылмайды?» деді депутат.

Осы мәселеде оны әріптесі Бауыржан Жанқонақов қолдады. Ол да мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларына қыруар қаржы жұмсалғанын, бірақ орындалмағаны қаншама екенін айтып өтті.

– Бюджет шығындары мен қанша жоба орындалғаны немесе орындалмағаны жайлы есепті жазбаша тапсырыңыз. Тиісті мониторинг өткізіп, іске асырылуы жоспарланған жобаларды қолға алу керек, – деді Б.Жанқонақов.

Бірлескен отырыс төрағасы Батыр Котырев 3-ЖЭО құрылысы, нөсер кәріздерін салу жұмысы неге уақытша тоқтағанын сұрай келе, жауапты басқарма басшыларынан мәселені түсіндіруді сұрады. Бюджетті талқылау кеше де жалғасты.

МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫСТАРҒА ҚОСЫМША ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық кеңесінің отырысында 2021-2023 жылдарға арналған елорда бюджеті нақтыланды. Қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев қосымша қаржыны қалалық орта сапасын жақсартуға және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағыттау жоспарланып отырғанын баяндады. Отырысқа қала әкімінің орынбасары Нұрлан Солтамбеков қатысты.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНДАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

– Өткізілген талдау нәтижесінде жеке табыстар бойынша резервтер бары анықталды. Бұл жағдай жеке табыстар жоспарын 34,1 миллиард теңгеге көбейтіп, 385,6 миллиард теңгеге жеткізуге мүмкіндік беріп отыр, – деді баяндамашы.

Жалпы қаладағы маңызды жұмыстарға 39 млрд 550 млн теңге көлемінде қосымша қаржы бөлу жоспарланды. Соның ішінде әлеуметтік салаға 7,1 млрд теңге бөлінбек. Осылайша осы саланың жалпы шығыны 194 млрд теңгені немесе бюджеттің жалпы көлемінің 33 пайызын құрамақ.

– Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына санаторлы-курортты емге баратын зейнеткерлерге, осы емге ерекше қажеттілігі бар балаларды апаратын адамдарға, жұмыс уақыты сегіз сағатқа созылуына байланысты I топ мүгедектеріне жеке көмекші қызметін ұсынуға қосымша қаржы қарастырылып отыр, – деді Қ.Маңқараев.

Оның айтуынша, Білім басқармасына жаңа білім беру мазмұнында жұмыс істейтін мұғалімдерге үстемеақы тағайындауға, мектепалды даярлық ұйымдарына мемлекеттік тапсырысты орналастыруға, кезекші топтар мұғалімдері жалақысына, бірқатар білім беру ұйымдарын жөндеу жұмыстарына да қосымша қаржы бөлу жоспарланды.

– Қазіргі санитарлы-эпидемиологиялық жағдайға байланысты денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасын күшейтпекпіз. Соның ішінде жаңа туған сәбилерге 10 инкубатор мен 3 ИВЛ аппараты, сәбилерді суытып, жылыту 3 аппараты, өкпе вентиляциясы аппараттары, 3 ультрадыбыстық диагностикалық медициналық жүйе сатып алынбақ. Сондай-ақ №14 қалалық емхананы күрделі жөндеуге, 2018 жылы басталған психикалық денсаулық орталығының күрделі жөндеуін аяқтауға қосымша қаржы қарастырылып отыр, – деді Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы.

ВЕЛОСИПЕД ЖОЛЫ ҰЗАРАДЫ

Дене шынықтыру және спорт басқармасына жан басына қаржыландыруға, Мәдениет басқармасына шығармашылық үйірмелерді жан басына қаржыландыруға, қаланың мемлекеттік академиялық филармониясының жатақханасын ағымдағы жөндеу мен музыкалық аспаптарды сатып алуға, Жастар саясаты мәселелері басқармасына аула клубтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға қосымша қаржы бөлінбек.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымы басқармасына жаңа көшелерді салуға, жолаушылар тасымалын субсидиялауға, қала жолдарын орташа жөндеуге, «Жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру аясында 210 автобусты сатып алуға қосымша қаржы қарастырылған.

Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасына қосымша қаржы 3-ЖЭО құрылысы мен Мыңжылдық аллеясы бойындағы бульварлар мен сквелрлерді салуды жалғастыруға, жаңа өндірістік аймақ инфрақұрылымын салуға, нөсер сулары кәріздерін дамытуға, тарату қосалқы стансалары мен трансформатор қосалқы стансалар құрылысына қарастырылып отыр. Тасқынға қарсы шаралар аясында және елорда жолдарын су басуды болдырмау үшін нөсер сулары кәріздерін күтіп ұстауға және тазартуға қосымша қаржы бөлінбек.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына жаяу жүргіншілер жолдарын қайта салу мен қоғамдық кеңістіктер құрылысына, велосипед инфрақұрылымының екінші кезеңін салуға қосымша қаржы қарастырылған. Соның аясында ұзындығы 3,7 шақырымды құрайтын веложол салынбақ. Қосымша қаржыға Мәңгілік ел және Қабанбай батыр даңғылдары, сондай-ақ Сауран, Хусейн бен Талал көшелері квадратында саябақтарды салу жоспарланып отыр.

2035 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БАС ЖОСПАР ӘЗІРЛЕНЕДІ

Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасына қосымша қаржы Нұр-Сұлтан қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарын әзірлеуге және елорданың геоақпараттық орталығын құруға қарастырылған. Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасына жас мамандарға жеңілдікпен несие беру бағдарламасын бастауға, жер телімдерін мемлекет мұқтаждығы үшін алуға, ескі, апатты үйлерді сүруге, 40 көппәтерлі тұрғын үйге техникалық сараптама өткізуге қарастырылған.

– Жақында «Елорда жастары» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында Отбасы банкпен бірге қаржыландыру жүргізілмек, – деді Қ.Маңқараев.

Құрылыс басқармасына инженерлік инфрақұрылым мен өрт сөндіру деполарын ретке келтіруге, қоғамдық пікірді ескере отырып, жаяу жүргіншілер мен рекреациялық аймақтарды дамытуға қосымша қаржы бөлінбек.

Баяндамашы аудандардың әкімдіктеріне бөлінуі жоспарланған қосымша қаржыдан да хабар берді. Соның ішінде аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға, орамішілік аумақтарды күтіп ұстауға, жөндеуге және көгалдандыруға 5 млрд 688 млн теңге қарастырылған. Елорданың туристік әлеуетін арттыруға, шағын және орта бизнесті қолдауға, Полиция департаментінің жұмысын күшейтуге де қосымша қаржы бөлінбек.

– Осылайша Нұр-Сұлтан қаласының 2021 жылға арналған нақтыланған бюджеттің жалпы көлемі 585 миллиард 269 миллион теңгені құрайды. Бұдан бұрын осы жылғы бюджет 461,5 миллиард теңге сомасында бекітілген, – деп түйіндеді баяндамасын Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев.

АУЛА КЛУБТАРЫ ЖАҒДАЙЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Сұрақ-жауап кезеңінде қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Владислав Сергеев аула клубтары жағдайына ерекше назар аударды.

– Аула клубтарын аралағанымызда, барлығы дерлік санитарлық талаптарды сақтамай жұмыс істейтінін анықтадық. Балаларымызды жертөлелерге қуып тықтық. Бұл проблеманы шешу керек. Қаржыны осы клубтарды жөндеуге бөліп, мәселені шеше алмаймыз. Бұдан бұрын аулаларда 300-400 шаршы метрлік шағын дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салайық деп ұсындық. Бұл каратэ, бокс сияқты спорт түрлерімен айналысуға жеткілікті болады деп ойлаймын. Тым құрымағанда сол арқылы балаларды жертөлелерден шығарамыз. Себебі қаладағы аула клубтарының 70 пайызының жағдайы сын көтермейді, – деді В.Сергеев.

Қоғамдық кеңес төрағасы Сансызбай Есілов әріптесімен келісе отырып, қалада алғашқы аула клубтары ашылғанының куәгері болғанын айтты. Сол жылдар мен қазіргі жағдайды салыстыруға келмейтінін жеткізді.

– Қазіргі бюджет көлемін көріп отырсыздар. Өз үйлерінің жанында дене шынықтырумен және спортпен айналысқысы келетінін жастарға жақсы жағдай жасауға, олардың демалысын ұйымдастыруға болады. Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде аула клубтарын ардагерлер орталықтарымен біріктіруді ұсынамын. Себебі қоғамдық ұйымбыз, бізді ешкім қаржыландырмайды. Осындай орталықтарды ашу үшін бизнесмендерге өтінішпен шығамыз. Бұл жағдай жастар тәрбиесіне оң әсерін тигізеді. Ардагерлер кеңесінің аудандардағы филиалдарына да жастармен жұмыс істеңдер деп тапсырма бергенбіз. Осы мәселені ойластыру керек, – деген С.Есілов аула клубтары проблемасын көтерген В.Сергеевке бұл мәселені зерттеуге тапсырма берді.

«КИРПИЧНЫЙ» МЕН БҰЙРАТАУ КӨШЕСІНІҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕ МЕ?

Қоғамдық кеңес мүшесі Марат Мұстафин екі жыл бұрын қалада шеткі аймақтарды дамытуға қатысты жақсы бағдарлама қабылданғанын айта келе, Байқоңыр ауданының жағдайын көтерді.

– Осы ауданға қарайтын «Кирпичный» деген шағын ғана тұрғын алап бар. Онда 5 мың адам тұрады. 2019 жылы Денсаулық сақтау басқармасы осындағы отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға жөндеу жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге қаржы бөлді. Мердігер нашар болып, бұл құжат ақыры әзірленбеді. Аудан әкімдігі сотқа беріп, жеңді. Құжаттаманы әзірледі. Енді нысанды жөндеуге 30 миллион теңге керек. Осы мәселені қазір шешу қажет, күзге қалдыруға болмайды. Тұрғындар да наразылық танытып жатыр, – деді М.Мұстафин.

Қоғамдық кеңес мүшесі Бауыржан Смайылов таяуда Бұйратау атауына өзгерген Күлтегін көшесінің тұрғындарынан көптеген шағымдар түсіп жатқанын жеткізді.

– Осы көшенің бойымен өтетін электр желісі адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр. Бұған қоса, мұндағы үйлерді су басады. Бұл көше тұрғындары мәселесіне қатысты жұмыс тобын құру керек. Оған қалалық мәслихат депутаттарын, қоғамдық кеңес мүшелерін жауапты басқармалардың басшыларын қосу қажет, – деген Б.Смайылов шеткі аймақтарда ескі, апатты үйлер әлі де көп екенін айта келе, сол аймақтарға инвестор келгісі келмейтінін жеткізді.

– Бұл аймақтар инвестициялық тұрғыдан тартымды емес. Ал ескі апатты үйлерді сүру бағдарламасы баяу орындалып жатыр. Оған бар болғаны 99 миллион теңге бөлінген. Сондықтан осы бағдарламаның барысы туралы жазбаша мәліметті ұсынуды сұраймын. Себебі бұл өте маңызды бағдарлама, – деді Б.Смайылов.

Қалалық қоғамдық кеңесте бюджет бойынша жұмыс тобы құрылған. Осы жұмыс тобы шығарған қорытындысымен кеңес мүшесі Мейрамбай Оралов таныстырды.

– Бізде бюджет қаржысын жоспарлау жұмысы ақсайды. Жарты жыл ішінде қаржыны қайта бөліп жатқанымыз – соның айқын дәлелі. Яғни, өткен жылы қаржыны бөлгенде қателіктер орын алған. Кейбір бағдарлама әкімшілерінің қаржысы қысқартылған. Әрине, қазіргі нақтылауды қолдауды ұсынамын. Себебі қосымша қаржы әлеуметтік бағыттарға, нағыз керек жұмыстарға жұмсалмақ. Қала мектептерін бейнекамералармен қамту нашар. Камералардың көбісі ескі. Мұны күшейту керек, – деді М.Оралов.

Мәселені түйіндеген қоғамдық кеңес төрағасы Сансызбай Есілов Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына кеңес мүшелерінің ұсыныстарын қаперге алуды ұсынды.

№61 (4185) 27/05/2021 Бейсенбі

ЕКПЕ ЕКПІНІН АРТТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Күн тәртібіндегі басты мәселеге айналған екпе егу науқаны бір адамның ғана қауіпсіздігіне тіреліп тұрған жоқ. Бүкіл әулеттің, одан қалды бүтін бір елдің, тіпті жер беті халқының басына төнген ортақ қатерден құтқармақ. Сондықтан оның жауапкершілігі науқаншылықтан әлдеқайда жоғары. Ғаламды жайлаған кеселді вакцинаның ғана күшімен жеңетіндіктен, әлемде қазір екпе егу өте қарқынды жүргізіліп жатыр.

ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

Қазір елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай тұрақтанған. Қазақстан COVID-19 індетінің таралу қарқыны бойынша «қызыл аймақтан» қайта «сары аймаққа» өтті. Вирустың жұғу индексі – 0,94. Жұқпалы аурулар бөлімшелері 33 пайызға, жан сақтау бөлімшелері 25 пайызға толған. Егу қарқыны артып келеді. Қазақстанда 3 миллион адамға екпе салынып, оның 2 миллионы вакцинаның бірінші компонентін алған. 1 миллионға жуық адамға екпенің екінші компоненті салынды. Премьер-министр Асқар Мамин Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездескенде еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, халықты вакциналау, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті мәселелері туралы осылай есеп берді.

Соңғы мәліметтерге қарағанда, коронавирусқа қарсы екпені жер бетінде 2 млрд-қа жуық адам салдырған. Қазақстанда ұжымдық иммунитет қалыптастыруға қажетті халық санының 20 пайызы екпе алды. Әлі алда елдің 40-50 пайызы екпе алуы керек. Сонда ғана карантин мен маскасыз қалыпты өмірге біртіндеп көшетінімізге сенім бар. Ал екпе салу екпінін төмендетіп алсақ, елдегі эпидемиологиялық ахуалдың оңынан болмайтыны тағы белгілі. Ел ішінде әлі де гуілдеп тұрған екпе жайлы аңыздар мен қауесеттерге сеніп отыра берсек, екпе салу қарқыны кеміп, індет те қайта асқынып кетуі мүмкін дейді мамандар. Осыған орай, кешегі Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой алдағы уақытта эпидемиологиялық ахуалдың қалай өзгеруі мүмкін екенін болжайтын үш сценарий ұсынды.

– Вакцинациялаудың тиімділігі 60 пайыздан кем болмайтын пессимистік сценарий кезінде биыл маусым-қыркүйек айларында ауру жұқтырып тіркелгендердің саны 95 мыңға жуық адамды құрайды. Екінші реалистік сценарий бойынша вакцинацияның тиімділігі 80 пайыздан кем емес болып, аталған мерзімде тіркелген жағдайлардың болжамды саны шамамен 69 мың адам болады. Ал вакцинацияның тиімділігі 95 пайыздан кем емес болған кезде, жаз бен күз айларында тіркелетін дерт жұқтырушылар саны шамамен 61 мың адамға жетеді, – деді ол. Дегенмен осылардың ішінде қай сценарийдің жүзеге асып кетуі азаматтардың вакцинация мәселесіндегі белсенділігіне тікелей байланысты болмақ. Екпе салдырушылар қатарының артып келе жатқанынан болар, қазір дерттің таралуы төмендеп, оң динамика байқалған, яғни эпидемиологиялық жағдайдың біртіндеп тұрақтанып келе жатқаны білінді. Себебі соңғы аптада аурулар саны сәуірдің аяғы мен мамырдың басындағы бір апта ішінде болған ауру көрсеткішімен салыстырғанда 4 мыңға азайған. Сөйтіп соңғы айда ауру 20 пайызға төмендеген. Емделіп жатқан науқастар санының 15 мамырдан бергі 10 күн ішінде 38 мыңнан 32 мың адамға дейін азайғанын, оның ішінде стационарлық емделіп жатқан науқастар саны 14 мыңнан 12 мыңға дейін, амбулаториялық емделуде 24,5 мыңнан 20 мыңға дейін кемігендігін айта кету керек. Халықтың екпе алу қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін вакцина қоры жеткілікті, бірінші компоненттің шамамен 320 мыңы және екінші компоненттің 650 мыңы бар.

Халықты екпе салғаннан кейін де вирус жұқтырғандар туралы ақпарат тағы ойландырып қойды. «Ақыры вирус жұғады екен, онда несіне салдырамыз?» деп шамданады көбі. 19 мамырдағы дерек бойынша Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компонентінен кейін 541 адам, ал екінші дозасынан кейін 104 адам вирус жұқтырған. Вакцинадан кейін вирус жұқтырудың ең ұзақ мерзімі екінші компонентін салдырғаннан кейінгі төртінші аптада болған. Денсаулық сақтау саласының өкілдері екпе адам ағзасына тек вакцинаның екінші кезеңін алғаннан соң алты аптадан кейін ғана әсер етіп, иммунитет қалыптаса бастайтынын ескертті. Медицина докторы, биолог және medsupportkz басшысы Ботагөз Каукенованың айтуынша, адам вакцинациядан кейін, вакцинация салынған күні де коронавирус жұқтырып алуы мүмкін.

– Вакцинада антиденелер жоқ. Оларды вакцинаға жауап ретінде сіздің ағзаңыз жасайды. Антиденелер жасау үшін денеге уақыт қажет. Бұл әдетте 2-3 аптаға созылады. «Спутник V» бірінші дозасынан кейін 3 аптадан кейін екінші дозаны салдыру керек. Одан кейін 2-3 аптадан соң денеде антиденелер пайда болады, – деп түсіндірді ол. Бұл туралы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан Есмағамбетованың да пікірін қоса кетсек. «Біз, бірінші компонент болсын, екінші компонент болсын, вакциналаудан кейін міндетті түрде мониторинг жүргізіп отырамыз. Мәселен, ресейлік «Спутник V»-дің тиімділігі – 92 пайыз. Демек, осы вакцина алған адамдардың 8 пайызы коронавирусты жұқтыруы мүмкін. Себебі вирусқа қарсы иммунитет қалыптаспайды. Жалпы екпе алған адамдарға шаққанда вакцинадан кейін коронавирусты жұқтыру көрсеткіші бірінші компоненттен кейін 0,02 пайыз, ал екінші компоненттен кейін 0,03 пайыз болып тұр. Екпеден кейін вирус жұқтырғандардың бір бөлігі Hayat-Vax вакцинасының бірінші компонентін, қалғандары ресейлік «Спутник V» вакцинасын салғызған. Осының өзі екпенің тиімді екенін көрсетіп отыр. Адамдар вирусты инкубациялық кезеңде, яғни вакциналаудан кейін 14 күн ішінде жұқтырады» деп толықтырды ол.

Қалай десек те апта басында Үкімет отырысында Премьер-министр Асқар Мамин елдегі вакциналау қарқынын арттыру қажеттігін атап өтті. Сол үшін вакцина қоры толтырылып, егу пункттерінің саны арттырылып жатыр. Сондықтан елде екпе жетіспеушілігі деген проблема мүлдем жоқ. Қазіргі егу науқанын кеңейту пандемиямен күресуде ең маңызды міндет болып табылатынын жеткізген ол Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктерге вакциналау қарқынын арттыруды тапсырды.

МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Нұр-Сұлтан қаласының Алматы ауданында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық көмек көрсету орталығы ашылды.

wynbolat94@gmail.com

Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

Бұл – балаларының денсаулығында ақауы бар ата-аналарға кеңес беретін екінші орталық. Өз қызметінде орталық ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылардың әрбір мүшесімен жұмыс істеуге басымдық береді. Ал мұндағы психолог-кеңесшілердің бәрі де тағдырдың жазуымен дүние есігін мүмкіндігі шектеулі болып ашқан балаларды тәрбиелеп отыр. Өз басынан өткен қиындықты еңсеруде өзгелерге көмек көрсетуге ниетті аналардың барлығы қала әкімдігінің қолдауымен «Келешек» психологиялық орталығының директоры Наталья Семененконың жетекшілік етуімен арнайы курсынан өтті.

Жаңа орталықтың ашылу салтанатына қала әкімдігі Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабамұратов қатысты.

– Айрықша жауапкершілік жүктелген мұндай орталықтардың қажеттілігі ешқандай талас тудырмайды. Сондықтан қала әкімдігі «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының төрайымы Ботагөз Сұлтанова ұсынған идеяны қуана қолдады. Орталықтың ашылуына дейін жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілді. Өздері мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп, енді сол тәжірибесін мұндай мәселемен бетпе-бет келген жас отбасылармен бөлісуге дайын аналардың кәсіби біліктілігін шыңдауға қала әкімдігі жанындағы әйелдер және демография жөніндегі комиссия мүшелері мен білікті психологтар тартылды. Сондықтан да бұл орталық жұмысының нәтижелі боларына сенемін, – деді басқарма басшысы.

Орталық ғимаратында ерекше бала мен оның отбасы мүшелеріне арналған бөлек кеңістіктер қарастырылған. Психолог-кеңесшілер ата-анамен жұмыс жүргізіп жатқан сәтте олардың ерекше күтімді қажет ететін балалары ойын бөлмесінде болады.

– Қазір қалада мұндай екі орталық қызмет көрсетеді. Жаңа орталықтың ашылуына да қала әкімдігі үлкен көмек көрсетті. Сол арқылы осында келушілермен тікелей жұмыс істейтін 15 ана психологиялық курстан өтті. Олардың кейбірі мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасы мүшелеріне онлайн кеңестер де бере алады. Мұндағы аналардың кейбірі 16 жылдан бері ерекше балаларды тәрбиелеп келеді. Сондықтан да олардың тәжірибесі мен біліктілігіне сенім артуға болады, – деді қор төрайымы Ботагөз Сұлтанова.

Ашылу салтанаты барысында «Келешек» психологиялық орталығының директоры Наталья Семененко орталыққа мүмкіндігі шектеулі балалармен және олардың отбасы мүшелерімен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік оқу құралдарын табыстады.

СУҒА ШОМЫЛҒАНДА САҚТЫҚ ҚАЖЕТ

Нұр-Сұлтан қаласы аумағында 20-дан аса суға шомылу аумағы пайда болуы мүмкін. Қалалық әкімдік пен Төтенше жағдайлар департаменті бұл бағытта тиісті жұмыстарды қолға алды. Департамент өз тарапынан мемлекеттік мекемелердің рұқсаттарын жинауға кірісті. Соңғы шешімді қалалық мәслихат қабылдайтын болады.

Қазіргі таңда елордалық орталық жағажайда, «Три пескаря» және «Астаналық аула» демалыс аумақтарында ғана шомылуға рұқсат етілген. Бұл жайында қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғау басқармасының бастығы Рәтбек Демеуберген мәлімдеді.

– Департамент тарапынан шомылу маусымы алдында жоспарға сай үгіт-насихат және рейдтік шаралар ұйымдастырылып жатыр. Мұндай шараларға 80 қызметкер тартылды. Бүгінде қаладағы су айдындарында шомылуға тыйым салынған 90 аумақта тиісті белгілер орнатылған. Соған қарамастан қауіпсіздік талаптарын сақтамай суға түсу фактілері байқалып отыр. Өкінішке қарай, оның соңы қайғылы жағдайлармен де аяқталып жатады. Нұр-Сұлтан қаласында шомылу маусымы басталмай тұрып 2 адам суға кетті. Оның біреуі – 14 жастағы бала. Ал республикада жалпы жыл басынан бері су айдындарында қауіпсіздік ережелерін көзге ілмеген 44 адам қайтыс болса, оның 18-і – бала. Суға кету фактілері, негізінен, мас күйінде шомылу, суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдыру және қауіпті немесе тыйым салынған аумақта суға шомылудың салдарынан болады. Бүгінге дейін қалалық Полиция департаменті мас күйінде және тыйым салынған аумақта суға шомылған 12 азаматты әкімшілік жауапкершілікке тартты, – деді Р.Демеубергенов.

Брифинг соңында қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің өкілі ата-аналарды жазғы демалыс кезінде балалардың су кету фактісінің алдын алуда бақылауды күшейтуге шақырды.

«Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы 3 жылдан бері қиын жағдайға тап болған азаматтарға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық тұрғыда қолдау көрсетіп келеді.

ЖӘРДЕМІ КӨП «ЖАНҰЯ»

Орталықтың «Open space» алаңында елордалықтар жұмыс табу, бизнес ашу, өзін толғандырған әлеуметтік мәселе бойынша ақпарат пен кеңес алады. «Жанұя» мамандары АӘК алу, кәсіптік оқудан өту, жұмысқа орналастыру, жаппай оқыту бағдарламасына қатысу, балабақшаға кезекке қою, қамқоршылықты орнату, жәрдемақылардың барлық түрлерін және т. б. алу мәселелері бойынша қызмет көрсетеді. Сондай-ақ цифрлық сауаттылықты арттырып, әлеуметтік қызмет көрсету порталында маманның кеңесімен жұмыс істеуге мүмкіндік бар.

Айымгүл БАҒДАТ,
студент

ҚАЙТА АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

Нұр-Сұлтанда 26 мамырдан бастап «Сергек» Қабанбай батыр даңғылында қоғамдық көлікке арналған жолмен жүргендерді қайта тіркей бастайды.

«Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті 26 мамырдан бастап «Сергек» АӘК Қабанбай батыр даңғылы бойынша айналма жол-айырығынан (Қарқаралы тасжолы) Сығанақ көшесіне дейінгі учаскеде бөлінген қоғамдық көлік жолағында жолда жүру ережелерін бұзғандарды қайта тіркей бастайтынын хабарлайды» делінген хабарламада.

Көрсетілген бағытта тиісті жол белгілері орнатылған, сондай-ақ осы жолақтың бар екені туралы хабардар ететін жол таңбасы салынған, бүгінде олардың талаптарын сақтау міндетті екені айтылды. «Елорда тұрғындары мен қонақтарын барынша мұқият болуды және жол қозғалысын реттеудің қолданыстағы техникалық құралдарының талаптарын басшылыққа ала отырып жүруді сұраймыз» деді ПД өкілдері.

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

ӘЛЕМ МЕКТЕПТЕРІ ҚАЛАЙ ОҚЫТАДЫ?

Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қаншалықты үлкен жетістікке жетсе де, өмірдегі ең ұмытылмас сәттер болып мектепте өткізген уақыт қалатын шығар. Мектеп – білім айдынындағы үлкен кеме. Әлемдегі әрбір бала осы кемеде тәлім алып, үлкен өмірге қанат қағады. Дегенмен, мектеп атауы барлық елде болса да, әр елдің танымына, қоғамдық жағдайына байланысты оқу жүйесі әртүрлі.

ОҚУ ЖЫЛЫ СӘУІРДЕ БАСТАЛАДЫ

Ғылым мен технологияның арқасында жапон халқы үлкен беделге ие. Сондықтан да шығар, өзге елдер Жапониядағы бала тәрбиелеу үрдісі мен білім жүйесіне айырықша қызығушылық танытады. Мұндағы оқушылар үйде де, мектепте де смартфон ұстамайды, әлеуметтік желілерді қолданбайды және виртуалды әлемде өмір сүрмейді. Олар табиғат аясында өмір кешіп, айналасындағы әлем іліміне қанып өседі. Үлкендерге түрлі сұрақтар қойып, әртүрлі тақырыпты талқылап, дамуға тырысады. Техника мен виртуалды әлемге тәуелді болып отырған біздер үшін бұл шынымен де таңданарлық дүние емес пе?

Сәуір айында сакура гүлдей бастағанда, Жапонияда оқу жылы басталады. Сабақ аптасына алты күн, бірақ әр екінші сенбі – демалыс күні. Оқу бағдарламасы әр мектепте әртүрлі, бірақ Білім министрлігі бекіткен стандарттарға негізделген. Қаржыландыру, мұғалімдерді ұйымдастыру және мектеп бағдарламасының жауапкершілігі жергілікті билікке жүктеледі. Бастауыш мектепке жапондар 6-7 жасынан бастап барады. Бастауыш сыныпта олар 6 жыл білім алады, орта не жоғары мектепте үш жылдан оқиды. Жапонияда мұғалім қызметін көбінесе ер адамдар атқарады. Жапон елінде білім алып келген Азамат Ешмухаметовтің айтуынша, Жапонияда балаларға балабақшадан бастап тәрбиешінің сөзі – заң. Мұнда байдың баласы да, қарапайым халықтың балалары да бірдей форма киеді. Сондықтан жіктік бөлініс болмайды. «Балалар шаң сүртіп, еден жуып ерте бастан үйренеді. Жапондықтардың ең басты ерекшелігі - олар баланың біліміне емес, тәрбиесіне баса мән береді. Жапон мектептеріндегі асханаларда сынып үшке бөлініп, бірі тамақ ішкенде, бірі қызмет көрсетіп кезекші болады. Сабақ кезінде түсте 1 сағат үзіліс беріледі. Балалар осы аралықта тамақ ішіп, ыдысын жуып, сыныпты тазалап, сыртқа шығып ойнап келеді. Балалар мектепке кірген кезде аяқ киімдерін шешіп, үйге киетін аяқ киімдерін киеді. Сондықтан мектепте ешқандай еден жуатын қызметші болмайды. Тазалауға қажетті киімдер мен арнайы құралдар мектеп тарапынан беріледі. Олар ағылшын тіліне басымдық бермейді. Керісінше математика, спорт, музыка жағын көп оқытады. Баланың қай жаққа икемі болса, кейін тек сол бағытта оқушыны дайындайды. Оларда барлық пән жапон тілінде оқытылады. Жапонияда бастауыш сыныптарға баға қойылмайды. Мектеп бітіргеннен кейін балалар сынақты университеттің өзіне барып тапсырады» деді Токай университетінің түлегі Азамат Ешмухаметов.

МЕКТЕПТЕРІ – 13 ЖЫЛДЫҚ

Италияда бастауыш сынып – 5 жыл. Алғашқы екі жыл – дайындық сыныбы. Жазу, оқу, сурет, музыка және есеп міндетті пәндер қатарына кірсе, дінтану секілді пәндер таңдау бойынша оқытылады. Бастауыш сынып аяқтағаннан кейін оқушы жазбаша және ауызша емтихан тапсырып, арнайы аттестат алады. Емтихан қорытындысы бойынша орта мектепке ауысады. Орта білім екі сатыдан тұрады: кіші орта мектеп және жоғары орта мектеп. Кіші орта мектепке 11 мен 14 жас аралығындағы кез келген бала баруы тиіс. Кіші орта мектепті аяқтағаннан кейін ғана жоғары сыныпқа көшеді. Жоғары орта мектеп мамандандырылған колледждер мен дайындық лицейлері болып екіге жіктеледі. Мамандандырылған колледжде жалпы орта білімді кәсіби білімімен ұштастырады. Ал лицейлер оқушыларды жоғары оқу орындарына дайындайды. Барлық лицей мамандандырылғандықтан, таңдау барысында оқушы міндетті түрде болашақ мамандығына мән береді. Аяқтағаннан кейін олар емтихан тапсырып, диплом алады. Ата-аналар мен оқушылар арасында 14 жаста мамандық таңдау мүмкін емес деп білім жүйесін сөгетіндер көп. Соған қарамастан, білім жүйесі бірнеше онжылдықтан бері өзгеріссіз келеді.

БІР АЙ ҒАНА ДЕМАЛАДЫ

Қытай оқушылары сабақ басталмас бұрын далаға шығып жаттығу жасайды. Сонымен қатар, оқушылар күніне 2 мәрте өз беттеріне массаж жасайды. Кейбір қытайлық мұғалім балаларға миына көмек болсын деген ниетпен парта үстінде ұйықтап алуға мүмкіндік береді екен. Оқушылар сабақ біткен соң тарап кетпей, қақпаға дейін бірге барады. Ұстазбен қоштаспайынша үйлеріне қайтпайды. Бастауыш сынып алты жылға созылса, кейінгі орта және жоғары сыныптарды үш жылдан оқиды. Алғашқы екі саты міндетті әрі тегін, ал толық жоғары сынышты аяқтау үшін ақы төлеуге тура келеді. Қытайдың білім жүйесі балаларға шектен тыс күш салады: олар барлық демалысын оқуға жұмсайды. Одан бөлек, оқу күнін екіге бөледі: жарты күн негізгі пәндер, қалған уақытта қосымша сабақтарға арнайды.

БІРЫҢҒАЙ ФОРМА КИМЕЙДІ

Америка мектептері кредиттік жүйе бойынша оқытады. АҚШ білім жүйесі жалпыламадан гөрі, жеке жұмыс жасағанды жөн санайды. Мысалы, бақылау бағасын оқушымен жеке талқылайды. Сонымен қатар, оқушының үлгерімі жөнінде ақпарат жарты жыл сайын үйге жіберіледі. Арнайы мектеп формасы бекітілмеген. Жоғары сынып оқушылар мектепке өз көліктерімен келеді. АҚШ-та балалар 14 жастан жұмыс істей бастайды. Бұған ата-аналары да қарсы емес. Мектептерде ақша жинау деген мүлдем жоқ. Керісінше, балалар белсенді оқыса, оларды ынталандыру үшін мұғалімдер сыйлық беріп тұрады екен. Оқу бағдарламалары нағыз американдық менталитетке баулиды. Бірінші сыныптан бастап еркін ойлау, сыни ойлау, әр нәрсеге өз пікірін айту, өз ойын дәл айту, қысқа сөзбен жеткізе білу, проблем солвиң, яғни мәселенің себебін және оның шешімін таба білу, т.б. қабілеттерін жетілдіреді. Онлайн оқуға арналған бағдарламалары, сайттары өте көп. Кейбірі бұрыннан қолданылады. Сондықтан, карантинге шыққанда еш қиналмады, – деді бүгінде Америкада білім алып жүрген әріптесіміз Нәзира Байырбек.

Сондай-ақ АҚШ мектептерінде басы артық пән жоқ, тек өмірге қажетті пәндер оқытылады. Бәрі бүгінгі қоғаммен тікелей байланыстырылып өтіледі. Ал жоғары 10-12 сыныпта белгілі бір мамандыққа баулып, біздегі техникумдар секілді оқытады.

БІР-БІРІНЕ БАҒА ҚОЯДЫ

Норвегия еліндегі оқушылар 13 жыл білім алады. Оның алғашқы он жылын бастауыш және орта сыныпта өткізсе, соңғы үш жылында жоғары сынып оқушысы атанады. Бұл елдің мектептерінде бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары біздің елдегідей бір мектепте емес, жеке-жеке ғимараттарда білім алады. Норвег оқушыларына басты қойылатын талап – дұрыс қарым-қатынас құру, өзгелерді бағалау. Мұғалімдер бұл талапқа оқушыларды мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ үйретеді. Оқушылар 8-сыныпқа дейін бағаланбайды. 7-сыныпқа дейін әр оқушы сыныптастарын өз көзқарасымен бағаласа, ал 7-сыныпта өз-өздерін бағалайды. Норвегиядағы білім саласын зерттеп жүрген журналист Бибігүл Жексенбайдың айтуынша, балалардың оқуға деген ынтасы ең бірінші балабақшада қалыптасады екен. «Норвегияда он баланың тоғызы балабақшаға барады. 1 жастан бастап мемлекеттік деңгейде барлық баланы балабақшаға алады. Себебі аналар ертерек жұмысына оралып, психологиялық тұрғыдан қоғамның белсенді азаматы ретінде қалуына жағдай жасау. Екіншіден, баланы сәби күнінен өз-өзіне жауап бере алатындай тәрбиелеу. Балаларға барлық мамандықтың тең екенін насихаттайды. Оқушыларға 9-сыныпқа дейін мектепке смартфон әкелуге рұқсат етілмейді» дейді белгілі журналист.

Мінсіз білім жүйесі ешбір елде жоқ. Біз жоғарыда атап айтқан ең озық елдердің өзінде оқушылар мен ата-аналар сабақ кестесі мен бағалау жүйесіне жиі наразылық танытады.

«ӘЛІППЕ» МЕН «АНА ТІЛІНІҢ» ТАҒДЫРЫН ЛАЙК ШЕШПЕУ КЕРЕК!

Балалардың оқу, жазу дағдылары мен ойлау қабілеті «Әліппе» және «Ана тілі» оқулығы арқылы қалыптасады. Бастауышта сауат ашудың әліппе кезеңін дұрыс қалыптастырып, ғылыми негізде жетілдіру аса маңызды. Кезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қолыңдағы әсем кітап «Әліппең» – аяулы ана тіліңнің мөлдір бастауы, білім шыңына жол ашар ақылшың» деген сөзі оқулықтың бірінші бетіне ойып жазылған еді.

Біз білімнің іргетасы саналатын сол «Әліппеден» еш негізсіз бас тарттық. Арадағы «Әліппесіз» өткен жылдар сол қадамның үлкен қателік болғанын анық көрсетті. Оқу саласы онсыз да оңбай тұрған еді, 2019 жылдың соңында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (ЕА) білім беру саласындағы үш халықаралық салыстырмалы зерттеудің нәтижелерін жариялады. Қазақстан үшеуінде де аутсайдер болды.

Осы орайда, ұлттық тәрбиеге баса назар аударды міндеттеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы және кәсіби оқулық әзірлеуді қатаң тапсырған. Білім және ғылым министрі жаңа әліппе А.Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде әзірленетініне бүкіл халықты сендірді. Және бүкіл қоғам күтіп отырған жаңа «Әліппе» білім беру жүйесіне Байтұрсынұлының салған ізімен қайта оралады деген сенімде. Ата-аналар ұрпағының тәрбиесіне қатты алаңдаулы. Биыл 400 мыңға жуық алты жасар бала мектеп табалдырығын аттамақ. Жоғалып табылған «Әліппе» – балалардың ғана емес, барша ата-ананың қуанышы. Бүгінде сол қоғам бақылауындағы оқулықтардың жай-күйі қалай? «Әліппе» әзірлеу жобасына қанша еңбек түсті? «Әліппе» мен «Ана тілін» кімдер және қалай жазып жатыр? Ашықтық пен бәсеке қай деңгейде? Қандай критерийлермен бағаланды? Оқулыққа тапсырыс беруші кім? Озық оқулықты анықтайтын министрлік жанынан құрылған арнайы сараптамалық комиссия қалай жасақталады? Қандай мамандардан құрылған? Бұл комиссияға баспалардың «бармақ басты, көз қысты» ықпалы жоқ па? Оқулық пен оқу-әдістемелік кешенінің жобасын әзірлеп, баспаға тапсыру жауапкершілігі неге тікелей министрліктің құзырында емес?». Осы сауалдарымызды министрдің өзіне жолдағанбыз, алайда орынбасарынан келген жауаптар көңілден шықпады.

Жалпы, «Әліппемен» қатар енгізілетін басқа да жаңа оқулықтардың дайындығы мен сапасының жай-күйі туралы ата-аналар тарапынан сұрақ көп. Мәселен, 1-сыныпқа арналған өзге оқулықтарда өзара пәнаралық байланыс жоқ. Әлі әріпті өтпей жатып, «Жаратылыстанудан» суретті мәтінге жалғауды қалай түсінуге болады? Оқи алмайтын бала суретте қандай сөз жазылып тұрғанын қайдан біледі? Тіпті, «Әліппе» оқулығын бағалау критерийлері өзге тілден аударылғандай әсер қалдырады. Сонымен қатар, ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Әліппе» пәні А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде латын графикасымен оқытылады» делінген. Бұл да балаларға аз салмақ болмайын деп тұр...



Жалпы, «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтарының тағдыры әлеуметтік желідегі қолдан ұйымдастырылған дауыстар мен бес-алты жүз адамның басқан «лайк» арқылы лайық деп танылмау керек. Жас ұрпақтың санасына сәуле құятын оқулық сапасы – бірінші кезектегі ұлттық жауапкершілік. Сондай-ақ өзге ұлт өкілдеріне дайындалатын оқулықтардың сапасы мен идеологиясына қатысты мәселе де аз емес.

Ел назарын аударған «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулығының маңыздылығын ескере отырып, мына түйіндерді ескерген орынды. Бірінші, озық деп танылған оқулықты арнайы Қазақстан Республикасы Үкіметінің деңгейінде кеңейтілген алқаның (кәсіби мамандар, депутаттар, қоғам қайраткерлері, ақпарат құралдарының өкілдерінен құралған) ашық талқысынан өткізу керек. Екінші, 1-сыныпты оқытатын мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытында арнайы іс-шараларды қолға алу керек. Үшінші, «Әліппеден» «Ана тіліне» өтетін кезеңдегі бірізділік сабақтастығын терең игеру үшін мұғалімдерге жүйелі түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет. Төртінші, базалық оқулықтарды әзірлеу, сараптамадан өткізу, басып шығару ісі, ұйымдастыру шараларын ашық өткізу құзіретінің барлығы Үкіметте немесе Білім және ғылым министрлігінде болуы керек.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты

АТТЕСТАТ АЛУ ОҢАЙ МА?

Соңғы қоңыраудың сыңғырынан кейін бітіруші сыныптар қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындала бастайды. Биыл елімізде 11 сыныпты 150 мыңнан аса түлек бітірсе, 9-сыныпты 270 мыңдай бала аяқтап отыр. Бірі аттестат алуға, бірі куәлік алуға асығатын осы бір емтиханға биыл қандай өзгерістер енеді?

Мәжілістің жалпы отырысында депутат Жұлдыз Сүлейменова премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа оқушылардың қорытынды аттестаттау емтихандары туралы депутаттық сауал жолдады. Депутаттың айтуынша, елде 28 мамырдан бастап 9, 11 сыныптардың оқушылары арасында қорытынды аттестаттау емтихандары басталады. Биыл 9 сыныптың 264 469 оқушысы 3 емтихан тапсырса, ал 11 сыныптың 154 816 оқушысы 4 емтихан тапсырады. Емтихан тапсыру жабық ғимараттарда өткізілуіне байланысты, оқушылардың, педагогтар мен техникалық персоналдың коронавирус жұқтыру ықтималдығы жоғары. Себебі емтихандардың ұзақтығы 2 сағаттан 5 сағатқа дейінгі уақыт аралығын қамтиды. «Осы ретте, барлығын қосқанда, 400 мыңнан астам жоғары сынып оқушыларына (419 285) COVID жұқтыру қаупінің бар екендігіне назарларыңызды аударамыз. Бүгіннің өзінде, оқушылар арасында коронавирус фактілердің орын алуына байланысты, қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізбеу керек деп санаймыз. Бұл ата-аналар тарапынан үлкен алаңдатушылықты тудыруда. Бұдан өзге, оқушылардың және мұғалімдердің денсаулығы басты назарда болуы қажет» деді депутат.

Иә, өткен жылы 9, 11 сыныптарға қорытынды аттестаттау емтихандары болмады. Сәйкесінше, қорытынды бағалар оқу жылының тоқсандық бағалары негізінде қойылды. Бірақ биыл жағдай айтарлықтай тұрақталды. Одан бөлек, біз ең бірінші білім сапасының төмендеп кетпеуін басты назарда ұстауымыз керек. Онсыз да бір жылды қашықтан аяқтаған оқушылар не оқып, нені оқымағанын өздері білмей жүр. Сондықтан қорытынды аттестаттау емтихандарын барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, мектепте тапсырғандары дұрыс. Нақты сапа сонда ғана анықталады. Біріншіден, барлығында бірдей үйде тапсыратын мүмкіндік жоқ. Екіншіден, оқушының өзі емес басқа біреу тапсырып бере салуы да мүмкін. Сондықтан депутаттың пікірі орынсыз деп санаймыз.

Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова мектеп түлектерінің қорытынды аттестаттауына қатысты: «9 және 11 сынып оқушыларында биыл қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Қорытынды аттестаттау саны қысқартылды, яғни тоғызыншы сыныпта 3 пән бойынша және 11-сыныпта 4 пән бойынша ескерілген. Қорытынды аттестаттаудың негізінде 9-сыныпта негізгі білім алу жөніндегі аттестат және 11-сыныпта орта білім алу жөніндегі аттестат алады» деді министрліктің аппарат жиналысында.

Оның айтуынша, тоғызыншы сынып үшін бірінші емтихан оқыту тіліне байланысты 28 мамыр күні өткізіледі. Бұл тұрғыда жаңартылған білім беру мазмұнына қатысты енгізілген өзгерістерге сәйкес, тоғызыншы сынып оқушылары эссе жазады. Оны өткізуге екі сағат уақыт беріледі. Екінші емтихан 3 маусым күні (алгебра) ұйымдастырылады. Осы орайда 10 тесті сұрағы мен 5 тапсырманы орындау жүктеледі. Үш сағат уақытта оқушылар емтиханды жазбаша түрде тапсырады. Келесі емтихан (5 маусымда) екінші оқыту тіліне байланысты жүргізіледі. Бұл жерде ұсынылатын тапсырмаға екі сағат бөлінеді. «11-сынып оқушыларына тоқталсақ, олар төрт емтихан тапсырады. 1 маусым күні оқыту тіліне байланысты емтихан жазбаша түрде жүргізіледі. Осы орайда эссе тақырыптары Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығында көрсетілген. Бұл жұмысқа әр оқушыға 3 сағат беріледі. Бұдан бөлек, 4 маусымда алгебра пәні бойынша жазбаша емтихан жүргізіледі. Оған 5 сағат уақыт бөлінеді» деді вице-министр.

Мұнымен қоса, 7 маусымда 11-сынып үшін Қазақстан тарихынан тестілеу өтеді. Ал 10 маусымда екінші оқыту тіліне байланысты емтихан болады.

№61 (4185) 27/05/2021 Бейсенбі

КҮШ АТАСЫ КІМНЕН ЖЕҢІЛДІ? НЕГЕ?

(Соңы. Басы газетіміздің №60 (4184) нөмірінде)

«Менің қолымдағы кейінгі кездерде табылған деректерге қарағанда Қажымұқанды Ресей балуандары «сүйек сындырғыш» («костолом») деп атаған. Оның да себебі бар. Қазақ палуанының нағыз күш жағын алып қарағанда өзіне теңдесі болмаған. Оның алапат күшінен палуандардың барлығы қорыққан. Қажымұқан бойына біткен күшін салып күресетін жағдайда, оның бәсекелестері белдесуден бас тартып отырған. Олар мұндай күрестен кейін чемпионаттан шығып қалуға мәжбүр болған.» деп жазады М.Тәнекеев.

«Сондықтан Қажымұқан шын күрестен аласталып, шартты күрестің төңірегінде пайдаланылған. Егер де мұндай шартқа көнбей, шын күреске шыға бастаған жағдайда, оны цирк пен чемпионат иелері төрешілер арқылы **«күрестің ережесін бұзды»** деп, белдесуге қатысушылар тобынан шығарып отырған.

1912 жылы Нижний Новгород қаласында күрестен Ресей біріншілігін өткізу ұйғарылды. Мұндай үлкен біріншілікке кәсіпқой спорттың саңлақтары Сандаров, Мартынов, Корень бастаған палуандар келеді. «Сур» деп аталатын цирктегі белдесулерде Қажымұқан күшінің барлық палуандардан басым екені бірден көрінеді. Мәреге Қажымұқанмен бірге күтпеген жерден, атағы басқа елдерге тарай қоймаған осы қаланың тұрғыны Тулумбасов (Турбас) шығады. Оның осындай деңгейге қалай көтерілгенін палуандардың барлығы жақсы білетін. Әрине, ол төрешілердің әділетсіздігі болмаса, атақты аға палуандарды жеңе алмас еді. Сол себептен күреске қатынасқан палуандар Қажымұқанға: ***«Турбасты тұрғызбашы, сүйекті қалай сындыратыныңды көрсетші осы жолы»*** деп ызаландырды.

Сөйтіп, соңғы мәре күресі басталды. Турбас өз жерлестерінің алдында жауырынын жерге тигізбеуге тырысады. Қажымұқан болса, одан әрі ызаланып, оны көтеріп алып, барлық күшімен лақтырып жібергенде, ол оркестр отырған жерге допша ұшып түседі. Қазақ палуанының бұл мінезінен кейін төрешілердің шешімі белгілі. Бірақ палуандар разы. Сонда Қажымұқан ***«Мен үлкен алтын медаль үшін емес, сендердің намыстарың үшін күрестім»*** дейді.»

«Біздің арамызда өз дене бітімімен және күшімен қырғыз палуаны Қажымұқан ерекшеленеді. Оның иығы кең, орасан зор күші және ұзын қолдары болды, ол күресте өте маңызды… Палуандардың көпшілігі одан қорқатын және күреске түскісі келмейтін» дейді тәжірибелі палуан Николай Турбас өзінің бір естелігінде.

«Дәл осындай сәтсіз жағдайлармен Қажымұқан 1911 жылы Петербургтегі «Фарс» театрында өткен чемпионатта атақты Постак палуанмен күресу кезінде кездескен. Қазақ палуанын төрешілер **«рұқсат етілмеген әдіс қолданды»** деп айыптады.

1913 жылы Мәскеу қаласындағы Девинье циркінде халықаралық чемпионат басталады. Осы чемпионатта Қажымұқан өте ірі даңқты чемпиондардың бірі аталған Поль Абспен кездеседі. Қазақ палуанын бұл жолы **«кейбір тәсілдерді пайдаланды, күрес тәртібін бұзды»** деп чемпионаттан шығарып тастайды.

Қажымұқанмен дос болған, дүние жүзінің чемпионы Иван Шемякин оны еске түсірген бір сөзінде былай депті: **«қырғыз (қазақ) палуаны Хажы-Мұқан сол кездегі палуандардың ішіндегі табиғи күші басымдарының бірі еді. Хажы-Мұқанның табиғи күшіне, төртпақ денесі мен палуандыққа епті ерекше ұзын қолын қосқанда қайсымыз болмасын қаймығатынбыз».**

«1909 жылы Харьков қаласында шығатын «Жало» («Шанышқы») журналында былай деп жазылған:

«Шығыс ұлы, жапон Муханура. Ол тегеурінді де, дене бітімі мығым жігіт, күресте қаһарлы, әрі өте батыл қимылдайды».

Мұқанның үлкен спорттық табыстарының бірі – 1909 жылы Рига қаласында өткен чемпионат. Атақты цирк өнерін ұйымдастырушылардың бірі Труцци басқарған чемпионатқа қатысушылардың қатарында есімі белгілі болып қалған Алекс Аберг, Георг Лурих, Чемберс Ципс, Лассартес Петерссон, Медведев сияқты палуандар болды. Ал чемпионат жарнамаларында Мұқан туралы:

«Күреске Москва, Петербург жұртшылығының сүйікті палуаны, чемпиондардың чемпионы, Шығыстың үздік перзенті Мұқанов – Муханура қатысады» деп жазылды.

Рига чемпионатында Мұқан үлкен табысқа жетті. Ол 10 кездесуде таза жеңді. Бірінші жүлде, яғни бас бәйге алуы қазақ палуанының шынында да **«чемпионның чемпионы»** екенін дәлелдеді.

Мұқан 1909 жылы Варшава, Гетеборг сияқты күрес орталықтарына айналған ірі қалаларда ұйымдастырылған және рейтингі жоғары сатыға көтерілген халықаралық чемпионаттарға қатысты. Ол осы чемпионаттарда айтулы палуандар Омер де Бульон, Карл Поспешил, Циклоп-Беньковский, Карл Корнацки, Бек Ольсен, Вейланд-Шульц, Розенталь, Алекс Аберг, Пауль Шмидт, Генрих Вебер, Карл Мосин, Ян Краузе, Франц Зауэрер және басқа үлкен кәсіпқой спорттың шеберлерімен күш сынасты. Олар өз елдерінің ардақты азаматтары, сүйікті палуандары еді.».

«Қазір Қажымұқанның 1906-1915 жылдар арасында үздіксіз халықаралық ірі жарыстарға қатысып, қырықтан астам медаль алғаны анықталып отыр.

Қазақ палуаны сол жылдары орыстың атақты палуандары Иван Поддубныймен, Иван Зайкинмен (Зиновьев), Иван Шемякинмен, Никандор Вахтуровпен сан рет кілем үстінде күш сынасқан. Оның көптеген халықаралық жарыстардың, оның ішінде Стамбулда, Меккеде, Жапонияда, Саратовта, Тройцкіде, Ригада, Уфада, Пензада өткен жарыстардың жеңімпазы атанған: Варшавадағы, Москвадағы, Париждегі жарыстардың жүлдегері болғаны да белгілі. Сол жарыстардың барысында ол дүние жүзінің екі дүркін чемпионы (1898, 1902) Пол Понсты (Франция), 1901 жылғы дүние жүзінің чемпионы Лоран Бокаруаны (Франция), дүние жүзінің 1903 жылғы чемпионы Месс Педерсонды жеңген.

1926 жылы Ташкент қаласында өткен ірі халықаралық жарыста Қажекең Климентий Бульмен екі рет күресіп, екеуінде де жеңуі – есте қаларлық оқиға.»

Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» кітабынан:

«1908 жылдың ақпан айында Киев қаласында халықаралық чемпионат өтті. Бұл жарысқа Вейланд пен Мұқаннан басқа француз алыбы Пьер де Колосс, Циклоп, Эрлих, Кобинг, Каддец, Майер, Поспешиль, Манфредо сынды майталмандар жиналды.

Ең әуелі Поспешиль мен Мұқан кілемге шықты.

Чехтың атақты палуаны Поспешиль бұған шейін Еуропада өткен бірнеше халықаралық жарыстарға қатысып, көзге түскен палуандардың бірі еді. Ол – салмағы бәлендей ауыр емес, орта бойлы, қапсағай денелі болатын. Соған қарамастан, әдіс-айлаға бай, абайлап күресетін палуан. Мұнда алғашқы бес минутта-ақ Поспешильдің әдіс-айласы Вейландқа ұқсайтынын аңғарды. Тіпті, жүріс-тұрысы да Вейландтан аумайды. Жүрек тоқтатып, күрестің ыңғайын бағдарлаған соң, Мұқан Поспешильді кілемнен ығыстыра берді. Қайта-қайта кілемнен қашқалақтап жүрген Поспешильге төреші де екі-үш рет ескерту жасады. Бұдан кейін оның тіпті ұнжырғасы түсіп кетті.

Мұқан мұның бәрін білді. Оңтайлы бір сәтте, Поспешильді белден қапсыра құшақтап көтеріп әкетті де, жерге алып ұрды. Мұның көз ілеспес жылдамдықпен жасалғаны соншалық, Поспешиль жауырынының жер иіскегенін өзі де сезбей қалды. Цирк іші дүр етті. Көппен бірге Фатима да қол соқты.

Мұқан бұл жарыста асқан шеберлікпен күресе білді. Ол француздың жүз елу килограмдық салмақ тартатын палуаны Пьерер де Колосты, Кобингті, Кадецті, Майерді жығып, ақтық айқаста Циклоп-Бенковскиймен шайқасқа түспек.

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ

(Жалғасы бар)

«АЛЖИР»-ДЕ ТУҒАН АРУ

Ел басына қара бұлт төнген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында бүкіл елдегі еркек кіндікті азаматтар елін қорғау үшін қан майданға, соғысқа аттанып жатты.

Елде тек балалар, қарттар мен аналар ғана қалды. Сол заманда бар ауыртпалық аналардың мойнына түскен. Қазақстанның барлық басқа елді мекендеріндегідей Ақмола облысы Астрахан ауданы Қоскөл ауылында да азаматтар соғысқа аттанып кеткен. Осы ауылдағы 1909 туған Есенқызы Ләтипаның да отбасын бұл нәубат айналып өтпеді. Жолдасы шаңырақ иесі Ахмет Құсайынов өзі сұранып әскер қатарына кеткенде артында сүйікті жұбайы, екі баласы Қорғанбай мен Ісіләмбекпен қалған еді. Ол кезде колхоздағы бүкіл әйелдерді ауыр-жеңіл демей, таңнан түн батқанша жұмысқа салатын. Ләтипа да ел қатарлы қай жұмысқа жұмсаса да істеп, кешке екі баласының қамын ойлап, ерінің аманесен келуін тілеп, бес уақыт намазын қалдырмайтын. Жастайынан әжесінің бауырында өсіп, тәрбиесін алып «Қызға қырық үйден тыю», «Қыз баланың әдебі», «Ер адамның жолын кеспеу, жолдасын сыйлау» т.б. тәрбиелік мәні бар ақыл-кеңесін айтып үйрете беретін және еңбекке баулып сырттың-іштің жұмысын атқаратын. Соны көріп өскен Ләтипа жастайынан еңбекке бейім, өз ортасының ұйытқысы, белсенді мінезі ақжарқын болатын.

Әкесіне тартқан көрікті, сұңғақ бойлы, қолаң шашты, көк көзді қазақтың ерекше сұлу қызы, енді екі баланың анасы, көрген кісі көркіне қызығатындай сымбатты жан.

«Малдың аласы сыртында, адамның аласы ішінде» дегендей, бар азамат елімізді қорғаймыз деп соғысқа кеткенде, ебін тауып елде қалып, сот қызметін атқарып жүрген бір ұятсыз, жанұясы, балалары бола тұра Ләтипаға қырындап мазасын ала береді. Жолдасым майданда, екі балам бар десе де, қоймай келгіштей беретін.

«Басыңа Ай мен Күн туғызамын. Күйеуің соғыстан келе ме, жоқ па, қайдан білесің?» деп кейде әлсіз жанға қоқанлоққы да көрсетеді.

Жас, жарына адал, бірбеткей, сымбатты келіншектің көнбейтінін білгеннен кейін «Сенің көзіңе көк шыбын үймелетемін» деп қорқытып та көреді. Ақыры мүлдем көнбейтініне көзі жеткесін арам пиғылына басып, ауылда бір мал ұрланып, соның қаны жұққан бөшкені Ләтипаның үйінің жанына тығып, тауып алған болып кінәсіз жанды түрмеге қаматады. Қамауда жатқанда да сотына дейін тағы бірнеше рет келіп неше түрлі сөздер айтып, райынан қайтарғысы келеді.

Жолдасына адал, сөзіне берік, жүрегі таза жанды қиындық пен қыспаққа алса да, көндіре алмады. Ақыры 9 жылға соттатып жіберді.

Сотында соңғы сөз алған Ләтипаның бойында атасынан қалған «қасиет» бар болатын. Судьяға мені күнәсіз соттап отырсың, «Сен өз дәретіңді өзің көрме» деп айтады. Шынында сол сот үш жылдан кейін екі көзі көрмей, су қараңғы болып, азаппен өмірден өтеді.

Сонымен күнәсіз жанды Ақмола қаласының жанындағы 35 шақырым жердегі тек нөмірмен ғана аталатын «26 точка» атты әйелдер түрмесіне апарып қамайды. (Қазір «АЛЖИР» атанып кеткен. Целиноград ауданы Ақмол ауылы.)

Ләтипа енді тағдырдың тәлкегімен «26 точка» түрмесінде азаптың қамытын киеді. Осы лагерьде көп жылдардан азап көріп жатқан, КСРО-ның әр жерінен «халық жауы» әйелдері деп кінәсіз әкеліп қамаған ару аналармен танысады. Бойындағы «емшілік қасиетімен» кейбір кісілерге көмектеседі. Міне, осылай тар қапаста болса да, абыройға ие бола бастайды.

Қыста қандай аяз болса да Жалаңаш көлінен қамыс шауып, оны құшақтап тасып, қырға маялап үйеді. Кейде жан-жақтан итпен қоршаған солдаттардан тасалап, көрші ауылдағы кісілер өздерінде аз болса да, қамыс арасына тамақтарын тығып кетеді. Оны тауып алған аналар, тығып бір-біріне беріп талғажау қылады. Солдаттар көріп қалса, ұрып тамақтарын тартып алып, лақтырып не төгіп тастайтын.

Азап лагерінде аш-жалаңаш жүрсе де, өңі онша берілмей жүрген Ләтипаға ондағы ер сымақ солдат, офицерлердің де көзі түсіп мазалай бастады.

Осы кезде өзімен қатар осы түрменің ерлер жағында сотталу мерзімін атқарып жүрген, қолынан іс келетін, түрменің барлық жұмысын атқарып жүрген көкшетаулық Байболатпен танысып, бара-бара көңілдері жарасады. Байболат іскер болған соң басшылармен де жақсы тіл табысқан екен. Содан ретін тауып осында келіп жұмыс істейтін діннен сауаты бар адамға жасырын некелерін қидырады. Бірде Ләтипаны он шақты әйелмен ауыр жұмысқа салады. Оны көтере алмаған Ләтипа есінен танып құлайды. Ес-түссіз жатқан адамды солдаттар өлді деп моргқа апарып лақтырып тастай салады. Оны көрген лагерьде көптен отырған профессор ғалым әйел байқап, осы тірі деген сезіммен жанында болып мұрнының астына айнаның сынығын қойып, үш сағаттай уақыт өткенде айнадан аз дым көріп, дереу кезекшіге хабар беріп ауруханаға апарып, дәрігерлер көмектесіп, Алланың қалауымен әйтеуір аман алып қалады. Дәрігерлер толық тексеріп, аяғы ауыр екенін айтады. Міне, осылай өмірге тар қапастың ішінде 1947 жылы 24 наурызда аман-есен босанып, кішкентай қыз өмірге келеді. Нәрестенің атын әкесі анасымен ақылдасып Бақытжан деп қояды. Лагерьдің заңы бойынша баланы үш жасқа дейін анасының жанында болуға рұсат етеді де, үшке толғаннан кейін «халық жауының» баласы деп балалар үйіне үкіметтің асырауына беріп, анасын аналық құқығынан айырады екен. Соны естіп-білген баланың әкесінің мезгілі аяқталып елге кетейін деп жүргенде Ләтипаға бәрін түсіндіріп, менің балам ғой, мен өзіммен алып кетіп асырайын. Менің елде жұбайым болғанмен, кішкентайымыз болмай жүрген дейді. Ал баланы балалар үйіне әкетсе сосын таба алмай қаласың деген соң, анасы қимай-қимай көнеді. «Бірақ мен қалай босаймын, солай өзім барып алып кетемін» деп келісімін береді.

Байболаттың мезгілі аяқталып, үш жасар баласын қолына алып еліне келгенде, ағайын-туыстары қуанып, Байболат аман-есен босап елге келді, үш жасар кішкентайы бар деп той жасады. Ал нәресте көтермеген әйелі баланы алып еміреніп кеудесіне қысқанда екі анарынан сүт шыққан көрінеді. Ләтипа төрт жылдан кейін 1954 жылы тоғыз жылын толық өтеп босап шығысымен еліне, ешқайда соқпай Байболат берген адреспен қызын іздеп, Байболаттың ауылына Кіндік қарағайға бір-ақ келеді.

Бұл уақытта Ләтипаның келерін ешкім күтпеген еді. Байболаттың әйелі де балаға бауыр басып қалған. Баланы туған шешесіне бергісі келмеген ол ауыл ақсақалдарымен ақылдасады. Сонда көпті көрген көнекөз ақсақалдың біреуі: «Қызыңмен жасты ауылдың жеті қызын киндіріп, алдына алып кел. Егер қызын таныса ертіп жібер, танымаса кете берсін» деген шешімге келеді.

Тоғыз жылғы тағдырдың тауқыметі, ашаршылық, қиыншылық, ару ананы мүлдем өзгертіп қатал, тік мінезді, алды-артын терең ойлайтын қылып өзгертіп шығарды.

Бақытжан осы жылдар ішінде анасы түрмеде өз қолынан тігіп берген қамзолын әркез киіп жүреді екен. Жеті қыздың ішінде бұл жолы да неге екенін білмейді, сол қамзолын киіп келеді.

Анасы қыздарға қарай бергенде өзі қолымен тіккен қамзол көзіне, қызымен бірге оттай басылады.

Міне, менің қызым деп бауырына баса бергенде Бақытжан: «Әке, мені мына әжеден құтқарыңдар, мені неге құшақтайды?» деп жылайды. «Мен сенің анаңмын» деп баланы әрең көндіріп тоқтатады. Бұны көрген үйдегі аналар да жылап, тіпті мықтымын деген ер адамдар да көзіне жас алады.

Ана мен бейкүнә сәби осылай табысады.

Сағына көріскен ана мен бала осылай Астрахан ауданының Колутон стансасына көшіп, қоныстанып кішкентай Бақытжанды мектеп қабырғасына береді. Мұнда 1-4 класта оқып, туған ағасы Қорғанбай анасы мен екеуін Державенкаға көшіріп әкетіп, 5-8 класты сонда оқиды. Зерек қыз жақсы оқып, одан әрі мамандық алды, Едіге деген жігіттің етегінен ұстады.

Едіге некеге қиған күні Бақытжанның төлқұжатының туған жері «26 точка» дегенді көріп, бұл қалай деп сұрайды. Есін білгеннен осы күнге дейін осы сұраққа жауап беру Бақытжанға өміріндегі ең қолайсыз, ыңғайсыз жауап еді. Біреу сұраса қашқақтайтын, енді, міне, өмірінде теңін табу бақытты сәтінде де алдынан кесе-көлденең шыға келді.

Кішкене үнсіздіктен кейін Бақытжан қысылып, қиналыңқырап «Мені шын сүйсең сұрама, кезегі келгенде өзім айтамын» деді. Содан кейін сөзіне, уәдеге берік Едіге неше жылдар бірге тұрса да сұрап көрген емес.

Иә екеуі Алланың берген жасын жасап ел қатарлы балалы-шағалы бес құрсақ көріп, қатарларына сыйлы болып қызмет атқарды. Бақытжан өзінің сүйікті мамандығының ізденімпаз білгірі болып, Ақмола облысының бірқатар аудандарында банктерде бас есепші болып қызмет атқарып, халықтың құрметіне бөленді.

Жаратқанның берген сынағына да иманды жандар ретінде шүкіршілік ете білді.

Кейінгі жылдары өмірден ерте өткен екі азамат баласының қайғысы ауыр тиіп, өзінің сырқаты үдей түсті. Жағдайын сезген өзі бір күні өмірлік жан серігі Едігеге «Саған кезегі келгенде өзім айтамын» деп едім, міне, кезегі келген сияқты қанша ғұмырым қалды оны Алла біледі, оңдап тыңдап ал, ішімде кетпесін. Ата-анам қанша адал болса да «халық жауының» қызы дегеннен өмір бойы қысылып жүруші едім, ішкі зар-мұңымды бір босатайыншы.

Мен олай-бұлай болып кетсем балаларыңа ақылшы, ие бол. Имамға жаназа-намазымды шығарғанда Бақытжан Байболатқызы деп шығарсын. Құжаттағыдай Ахметқызы деп жүрмеңдер деп Едігенің қолын қимастықпен ұстап отырып, осы оқиғаны басының аяғына дейін ақырын есіне түскенін бірін қалдырмай айтып берді. Әсіресе, анасы жайлы айтқанда бір тебіреніспен, сүйіспеншілікпен айтатын деп еске алатын Едіге.

Бақытжан осы сырқатынан айыға алмай, 2008 жылы 14 қаңтарда өмірден өтті. Мыңдаған күнәсіз «халық жауы» аталғандар ұрпақтарының соңғы көші де осылай өмір бойы іштерінен тынып, сақтаған зар-мұңын бір ақтарып өмірден өте барды...

Ал айта алмай арманда кеткендер қаншама?!.

Оспан СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ,
«Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері

ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Әшімжан Сүлейменұлы Ахметовтің өмір жолын, мемлекетшілдігін, Қазақстан ғылымы мен жоғары біліміне қосқан үлесін жас ұрпаққа үлгі-өнеге етіп көрсетуге әбден болады.

Еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына қалтқысыз қызмет еткен қайраткердің өткен жылы аталып өткен 70 жылдық мерейтойына орайластырылып өткізілген іс-шаралар барысында академик Ә.Ахметовтің есімін келешек ұрпақ жадында сақтап қалу бойынша ұсыныстар айтылған болатын. Орта білім ұйымдары мен көшелерге оның атын беру, халық қалаулысы ретінде қызмет еткен Парламентте еске алу мемориалдық бұрышын, өзі тұрған үйге ескерткіш тақтасын орнату керектігі және ректор лауазымында болған еліміздің 4 университетінде тұрақты «Ахметов оқулары» өткізіліп тұрса деген қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдерінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы пікірлері қоғамдық ой қозғауға түрткі болған еді. Осы жолдардың авторы да «Егемен Қазақстан» газетіне көлемді мақала жариялаған болатын. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі ғалымның есімін есте қалдыру шараларын бастап кеткеніне ғылыми жұртшылық атынан ризашылығымызды білдіре отырып, қала тұрғындарына қайраткер-ғалым Әшімжан Ахметов туралы аз-кем айта кеткенді артық көрмедік.

Өмір өтсе де, жақсы адамның аты жадында сақталып, ұмытылмайтыны, керуен көші жылжыған сайын, уақыт өте келе оның даралығы, даналығы, тұлғалығының биіктей беретіні сөзсіз. «Таулар алыстаған сайын, биіктей түседі» деген даналық сөз дәл Әшекеңе арналғандай көрінеді маған. Амал қанша, Әшімжан Сүлейменұлының тұлғалық келбеті, қоғамдағы орны туралы әріптестерінің әңгімелері бұқаралық ақпарат құралдарында еске алу сипатында жарияланып жатқаны жаныңа батады. Әрине, бұл Әшекең туралы айтылар ойлардың басы ғана деп түсінгеніміз жөн. Өйткені оның Мәжіліс депутаты кезінде, нақтылай айтқанда, ғаламдық мәселеге айналып отырған жаһандық энерго-экологиялық мәселелерді Экология және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы қызметінде жүріп, еліміздің ертеңі үшін атқарған еңбегінің өзі ғылыми талдауларға айналарына сенімдімін. Ол жөнінде сөз қозғауды билік басында жүрген ел ағаларының еншісіне қалдырып, өзім жақын жүріп, жатық білетін жоғары білім беру саласындағы Әшекең атқарған елеулі істерге қысқаша тоқталуды жөн көрдім.

1999 жылдан бастап Әшімжан Сүлейменұлының өмірбаяны Білім және ғылым министрлігі мен оның жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты. Қоғамдағы белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеті, тұжырымдамалар мен стратегияларды әзірлеуде Парламентте жинақталған тәжірибелері ел басшылығы тараптарынан қолдау тауып, Үкімет қаулысымен Білім және ғылым вице-министрі болып тағайындалады. Министрліктегі жаңа лауазымдағы қызметін Әшекең әріптестерімен бірге «2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясын» әзірлеумен бастады. Атап айтқанда, қазіргі кезде іске асып отырған, жоғары білімді кәсіби мамандарды дайындаудың академиялық кредиттер жүйесіне негізделген 3 деңгейін қамтамасыз ету – бакалавриат-магистратура-докторантура (PhD), білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жасау сол кезде қолға алынған болатын. Жоғары заң шығару өкілетті органының өкілі болған Әшімжан Сүлейменұлы 2001 жылы 9 шілдеде Президент Жарлығымен бекітілген «Ғылым туралы» жаңа заңның қабылдануына өзіндік үлесін қосты.

> 1999 жылдан бастап Әшімжан Сүлейменұлының өмірбаяны Білім және ғылым министрлігі мен оның жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты. Қоғамдағы белсенділігі, ұйымдастырушылық қабілеті, тұжырымдамалар мен стратегияларды әзірлеуде Парламентте жинақталған тәжірибелері ел басшылығы тараптарынан қолдау тауып, Үкімет қаулысымен Білім және ғылым вице-министрі болып тағайындалады

Министрлікте жоғары білім беру саласына басшылық еткен Әшекеңнің мол тәжірибесін, кәсіби қабілетін ескерген Үкімет басшылығы аймақтағы жоғары оқу орындары әлеуетін көтеру және жоғары білікті кадрлармен нығайту мақсатында 2001 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетіне ректор етіп тағайындаған еді.

Жоғары білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі – сапалы білім беру мен қазақстандық студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізгі мәселелердің қатарына жататыны анық. Осы жерде батыс өңіріндегі қатардағы жоғары оқу орнын білікті жаңа басшы 3-4 жылдың ішінде ел аузына іліккен материалдық-техникалық базасы жетілдірілген, профессор-оқытушы құрамы қалыптасқан, жоғары деңгейлі университетке айналдырғанын, сол кездегі Жоғары білім беру департаментінің басшысы ретінде, министрдің арнайы тапсырмасымен өзім барып, егжей-тегжейлі танысқан, халықтың берген оң бағасына куә болған азамат ретінде айтып отырмын.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті де академик Ә.Ахметов ректор болып тағайындалғаннан кейін ТМД елдері мен көптеген шетел жоғары оқу орындарымен орнатылған байланысты одан әрі жетілдіріп, білім беру мен ғылыми жұмыстарды ұштастыру, оқу тәрбие жұмысын жаңа бағытта ұйымдастыру нәтижесінде жоғары деңгейге көтерілді.

Әшекеңнің басқарған үшінші білім ордасы – Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы болатын. Парламент депутаты болып жүрген кезде елімізде жаңа тұрпаттағы мемлекеттік қызметшілер даярлау туралы көтерілген мәселелерді енді ректор ретінде іске асыру мүмкіндігі туды. Қазақстанның бүкіләлемдік Парламенттік ассамблеясындағы өкілі ретінде шетелдердегі білім-ғылым саласының өкілдері бас қосқан форумдар, симпозиумдар мен халықаралық конференцияларға қатыса жүріп әрі қазақстандық білім жүйесін әлемдік білім жүйесіне кіріктіру (интеграция) жөнінде айтылған ойларын академияда іске асырғанын айтуымыз керек.

Қатардағы аспиранттан академикке, қатардағы оқытушыдан бірнеше жоғары оқу орындарының ректорына дейін көтерілген ғалым өзінің нағыз жетілген шағында, толыққан кезінде туған жерге – өзі студент болып табалдырығынан аттаған М.Дулати атындағы мемлекеттік университетке 2008 жылы ректор болып оралған еді. Ә.Ахметов жоғары білім жүйесін жан-жақты дамытуға, жаңа заманға лайықты жаңаша көзқарастағы елімізге зәру білікті мамандарды даярлауға бағытталған озық технологиялық әдіс-тәсілдерді өмірге енгізуге мықтап атсалысты. Аса зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жоғары білім беру ордасының келбетінің айқын болуына бағытталған даму стратегиясын анықтап берді. Оқу үрдісінде озық тәжірибелер қалыптасты, студенттердің саны артып, мамандардың сапасы әлдеқайда артты. Ол өзінің бүкіл қарым-қабілетін, пайым-парасатын, білімі мен тәжірибесін университеттегі білім беру сапасын әлемдік стандарттарға сәйкестендіруге ұмтылып, соны ізденістерді жүзеге асырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Менің бір білерім, Әшекеңнің жоғарыда аталған үш университетте ректор ретінде атқарған ауқымды істерінің деңгейі қандай биік болса, Таразда атқарған істері ол деңгейден төмен түскен жоқ. Жаңалыққа жаны құмар Әшекең өзіне тән іскерлігімен, ерекше ойлау қасиетімен соңынан тек жақсы сөз ерткен абырой биігіндегі азамат еді...

Әшекеңнің жетістікке жетіп, білім қайраткері қатарына қосылуына өмірлік серігі – Қазақстан білім беру саласының құрметті қызметкері Дина Смайылқызының да еңбегі мол екенін айтпай кетуге болмас. Асыл жар, ғалымға арналған іс-шаралардың арасынан табылып, тың еңбектердің тізбесін жасауға, ғұмырлы өмірбаяны туралы тың деректер, фото-бейне қорларын дайындауда белсенділік танытып жүргенін айта кеткеніміз абзал.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
ҰҒА академигі,
Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті

ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ БАПКЕРІ

Дзюдо күресінен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Елдос Сметовтің, Азия чемпионатының қола жүлдегері Әзиз Қалқаманұлы және дүниежүзілік универсиаданың қола медалисі Бекәділ Шаймерденовтің жаттықтырушысы Ғалымжан Жылгелдиев – бүгінгі таңда Қазақстан дзюдо құрамасының бас бапкері.

Ғалымжан – дзюдо тәрізді өте күрделі әрі тартымды күрестен әлемдік деңгейде шәкірт баптаған білікті маман. Бірақ шәкірттерінің жетістігі жағынан Қазақ елінде көш бастап тұрса да, кеудесін көтермейді, бәзбіреулер тәрізді табысына мастанып, сыздан-байды. Баяғы аңқылдаған, қарапайым қалпы. Балуан кезінде де жымиып қойып, әдемі күресетін. Арада жиырма жылдан аса уақыт өтсе де, сол жайдары қалпынан өзгере қоймапты. Қажет кезде жолбарыстай шабынатын мінезі бар. Мінез болмаса, самбодан Азия чемпионатын қатарынан екі мәрте ұтып шықпас еді, алмас қылыштай өткірлігі болмаса, әлем чемпионатының қола жүлдесіне жете алмасы анық. Ғалымжан – сыйласқан адамға ұлпадай жұмсақ, жайлы, үлкеннің алдын кесіп өтпейтін нағыз қоңырқай қазақтың нақ өзі. Ал оның өз кәсібіне деген махаббаты алабөтен. Ол бапкерліктің қамытын шын ықыласпен киген, осы шаруаның сұлтаны да, керек тұста ұлтаны да болуға берік бекінген арда қазақ.

Оның төл шәкірті кім дейсіз ғой?

Елдос Сметов. Қазақ дзюдошыларынан шыққан тұңғыш әлем чемпионы (2015 ж.), Азия ойындарында (2014) топ жарған бірінші қазақ дзюдошысы! Рио олимпиадасының күміс жүлдегері, Азия чемпионы (2016). Елдос Ғалымжан ағасына 2008 жылы 15 жасында келді. 38 келі тартатын құйтақандай аққұба баланы көрген тәжірибелі маман Александр Атаев: «Ғалымжан, мына баланың бойы тым тапал екен. Салмағы да аз. Дзюдоға жарай қоймас. Самбоға жібер» деді. Ғалымжан болса: «Бұл ерекше бала» деді жүрегі елжірей соғып.

«Елдосты бес жасынан бері білемін, – дейді Ғалымжан. – Ол күресті Таразда менің ұстазым Ахмет Жұмағұлдың қол астында бастады. Адамға жұғымды бала. Өзі сондай бауырмал. Үнемі күліп тұрады. Бес-алты жасынан залдағы балалармен алысып өсті. Күрес десең, тоқтау жоқ. Шаршамайды. Бір күні Құдай аузыма салған шығар: «Ахмет аға, мына бала тегін емес. Түбі осыдан Олимпиада чемпионы шығады» дедім. Содан Елдосқа аңсарым ауды. Ол қара күштің адамы емес. Ақылын алға салып күреседі. Сондай сезімтал. Сосын сұмдық жылдам. Ішкі түйсігі күшті. Қарсы келгеннің ойы мен әрекетін алдын ала сезіп қояды. Қарсыластың шабуылын орап кетуге шебер. Әдіс жасар кезде бәсекелесін алдамшы қимылмен жаңылдырып, әбден есін шығарады. Сосын күтпеген айламен тоңқалаң асырады. Ойланып сөйлейді, ойланып белдеседі. Қаркен Ахметұлы атындағы интернатта өзге балалар күніне екі рет жаттығу жасаса, Елдос үш мәрте жаттығатын. Сабақтан ретін тауып сұранып шығып, залдан шықпайтын. Жаттығудан соң екеуміз ғана қалып, тағы тер төгеміз. Мен оның бойы өссін деп, аяғына 16 келі кір тасын байлап, турникке асып қоямын. Екі минуттан 10-15 рет асылып тұрады. Осы әрекетіміз нәтижесін берген тәрізді: қазір бойы – 162 см. 60 келі салмаққа әдемі келіп тұр. Елдостың кілемдегі басты қаруы – жылдамдығы мен сезімталдығы. Соған орай ұзақ жыл айла-тәсілді жылдам жасап, турникке тартылса да, арқанға өрмелесе де, резина созса да жылдамдықты үдетіп отырдық. Оған оңтайлы әдістерін қас-қағымда жасауды тапсырдым. Сол жолда талмай еңбек еттік. Нәтижесі белгілі: бүгінгі таңда Елдос шәкіртім спорттық нәтиже жағынан Қазақ елі бойынша көш басында тұр...».

Иә, ұстаз бақыты дегеніміз, бәлкім, осы шығар. Әйтсе де, жеңіс деген құдіреттің қолға оңай қона салмайтыны белгілі. 2014 жылы Азия ойындарында жұлдызы жарқыраған Елдос балуан кезекті Қазақстан чемпионатында екі мәрте жығылып, бесінші орыннан әрі аса алмады. Содан үйге қайтар жолда намыс буып, жылады дейсің. «Аға, енді мені ірі жарыстарға апармайтын шығар?». «Апарады. Қазақстан чемпионы бірінші нөмір боп барады. Сен де халықаралық жарыстарда күресесің. Сыртта кім көп ұпай жинаса, өз салмағында ұлттық құраманың бірінші нөмірі болып шыға келеді. Олимпиада мен әлем чемпионатына рейтингі жоғары спортшы барады». «Шынымен апара ма, аға?». «Апарады. Сондықтан бір сәтсіздікке бола сонша қамықпа!». «Онда ұтамын, аға, ұтамын!» деді Елдос аяқ астынан ширығып.

2015 жылдың қысында Елдос Сметов Дюссельдорфтағы «Гран-при» жарысында тағы да бесінші орынмен шектелді. Сол жылы көктемде Анталиядағы «Гран-приде» және жеңіліс тапты. Кувейттегі Азия чемпионатына алақанды ысқылап барғанымен, бұйырғаны – бесінші орын. Ғалымжан мен Елдос тығырыққа тірелді. Алдағы әлем чемпионатына 60 келіде ақтөбелік Рүстем Ибраев жолдаманы қалтаға басып қойды. Алда – Мажарстандағы халықаралық жарыс. Сол сында сенімді ақтаған балуан Астанадағы әлемдік чемпионатқа екінші нөмір боп қатысады. Ғалымжан мен Елдостың әлемдік аламан алдындағы соңғы үміті осы Мажарстандағы жарысқа тірелді.

Ғалымжанның іші алайтүлей. Үйге келген бойда Елдостың кейінгі үш жарысын бейнетаспадан қайтадан көрді.

Бұрын татамиде кеудесін тік ұстап, ор қояндай орғып жүріп белдесетін Елдос бұл бәсекелерде еңкейіп күресіпті. Бұрынғы еркіндік жоқ. Құдды, біреу иығынан жаншып тұрғандай, бүрісіп алған. «Е-е-е, Азия ойындарын ұтқаннан кейін бұл атақтан айрылмаймын деп, әсіре сақтыққа бой алдырған екен. Баяғы жайтаңдап, жайнап күресетін қалпына қайтару керек! Сонда ғана нәтиже болады». Содан Елдосты 81 келідегі Әзиз Қалқаманұлына, 73 келідегі жігіттерге қайрап салды дейсің! «Аға, бұл қалай?» дейді Елдос. «Баяғы еркін, ойқастап жүріп күресетін мәнеріңді қайта тап. Сен өзіңді жоғалта бастапсың. Жағадан ал, опыра жұлқы, басыңды көтеріп, баяғыша бір арансыз алысып көрші!». Тоғанды ағытып жіберсең, асау өзен бас бере ме?! Елдос та құдды асау өзендей буырқанды дейсің. Кеудені кере ұстаған бойда жанары жарқ-жұрқ ойнап, әй, бір арпалысты-ау! Ғалымжанның да тұла бойы шым ете қалды. Бітті, тиегі ағытылды Елдостың! Енді жапырады, енді қоймайды! Осы екпінмен екеуі Будапештегі турнирдің асқар шыңынан бір-ақ шықты да, Астанадағы әлемдік біріншілікке екінші нөмірмен талассыз қосылды.

2015 жылы тамыздың 24-жұлдызында Астана төрінде дүниежүзілік чемпионаттың жалауы көтерілді. Дәл сол күні таңғы сағат алты шамасында Ғалымжан бапкер зайыбы Шахида әзірлеген ыстық сорпаны алып, таксимен Елдос жатқан қонақ үйге жетті. Ойлап қараңыз, таң бозымен сізге ұстазыңыз буы бұрқыраған майлы сорпа әкеліп тұрса, қандай сезімде боласыз. Сол сәтте Елдос қандай күй кешті екен?! Ғалымжанның бұл тірлігі Елдостың жан дүниесін айтып болмас шуаққа бөлегені күмәнсіз... Сол күні әлем чемпионатының финалында 60 келіде тарихта алғаш рет екі қазақ балуаны бетпе-бет шықты. Бұл бәсекеде Елдос Сметов командалас серігі Рүстем Ибраевтан айласын асырып, қазақ дзюдошыларынан бірінші боп әлем чемпионы атанды! Жапон саңлағы – Топи Сисимэ, жер шарындағы үздіктердің бірі, корей балуаны – Ким Вон Жин, өзбек үміті – Оразбаев, басқа да мықтылар қос қазаққа амалсыз жол берді.

...Рио-де-Жанейро олимпиадасы. Ұлттық құрама бапкерлерінің қатарына алынбаған Ғалымжан Жылгелдиев Олимпиада қалашығына арнайы барып, Елдостың жағдайын біліп шықты. Бапкер шәкіртінің жаттығуына ғана келіп жүрді. Жататын жеріне арнайы рұқсатпен ғана кіресің. Жарыс басталуға бір күн қалғанда Елдос ұстазына өтініш білдірді: «Аға, сіздің сорпаңызды сағындым. Бүгін салмақ өлшегеннен кейін сорпа ішсек...» Ғалымжан «жоқ» демеді. Жер түбіндегі қонақ үйде семіз тауықты бабына келтіре пісіріп, кешкі сағат сегізде таксимен Олимпиада қалашығына келді. Бұл да кірді. Анадайдан ұлттық құраманың кеңесші маманы Александр Яскевичпен бірге Елдос та жетті. Екеуі Ғалымжан әзірлеген ыстық сорпаны қалашықтың тура кіреберісінде рахаттанып іше бастады. Ту сыртынан сүйсіне қарап Ғалымжан тұр. Екеуі борша-борша терледі. Сол мезет Ғалымжан өзін теңдессіз ерлік жасаған адамдай сезінді. Елдос сорпаны қасықтап жұтқан сайын іште бір құдіретті сезім күшейе түсті. О, ғажап! Кеудесіне керемет бір сенім ұялады: «Елдос жеңеді!» Ғалымжанның жон арқасы алабөтен шымыр ете қалды...

Рио олимпиадасында бес рет татамиге шыққан Елдос Сметов күміс тұғырға табан тіреді. Шешуші белдесуде ресейлік Беслан Мудрановқа тек қосымша уақытта сәл ғана ұпай ұстатып қойды. Сол сәт бапкер мен балуанның көкірегін өкініш уыты шарпып өтті. Шындығында Ғалымжан шәкіртінің ұтатынына бек сенімді еді. Амал не, тағдырдың жазуы осылай болды...

Ғалымжанның Елдоспен құралпы тағы бір шәкірті – Әзиз Қалқаманұлы. 2011 жылғы жастар арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері. 2016 жылы 81 келі салмақта Азияның ересектер чемпионатының қола медалін жеңіп алды. Қазақстанның екі дүркін чемпионы. Ал Елдос пен Әзиздің ізін басқан Ғалымжан Қырықбаев 2019 жылы дүниежүзілік жазғы отызыншы Универсиаданың түйе балуандар айқасында жеке-дара шықты.

Ғалымжанның қол астына шынашақтай кезінде келген Бекәділ Шаймерденов 2017 жылы дүниежүзілік Универсиада сайысында үшінші орынға ие болды. Жылгелдиевтің Есболаев Медет есімді бозбала шәкірті жасөспірімдердің Еуразия ойындарынан медаль тағып қайтты. Алла қаласа, Ғалымжан бапкердің асқаралы асуы алда деп тілейік. Қырықтың жуан ортасынан асқан Жылгелдиев қазір нағыз бабында.

Иә, Елдостар жеңіс тұғырына көтерілген сәтте Ғалымжан бапкер көптің арасында елеусіз тұруы мүмкін. Сол мезет жұртшылық назары балуанның бал-бұл жанған жүзіне, оның омырауындағы жарқыраған медальға ауатыны да қалыпты жағдай. Ал сол медаль үшін арпалыс сәтінде шәкіртінің сорпасын қайнатып, жал-жаясын турап отыратын Ғалымжандар екенін көбіне ұмытып кетеміз. Жылгелдиев жарысқа шығарда қазан-табағы мен ас-суын ала жүруді әдетке айналдырғалы қашан.

...Жақында Елдоспен сөйлестім. «Ғалымжан аға маған туған әкемдей » деді балуан інім бүкпесіз көңілден. Бұл – біз сыртынан айтатын «бапкер мен шәкірт» деген стандартты атаудан әлдеқайда терең, әлдеқайда құнды сыйластықтың нәтижесі.

Қыдырбек РЫСБЕК

№61 (4185) 27/05/2021 Бейсенбі

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 12-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 500/66-VI шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 15 маусымдағы № 1271 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **А. Табулдина**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысы **Е. Каналимов**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы «___»_____ № _____ шешіміне қосымша

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі

Р/с №	АХЖ-10 коды	Аурудың атауы	Халықтың санаты	Дәрілік заттарды тағайындау көрсеткіші (дәрежесі, сатысы, ағым ауырлығы)	Дәрілік заттардың атауы (шығару нысаны)	АТХ коды
1	2	3	4	5	6	7
1.	E84	Муковисцидоз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Тобрамицин, ингаляцияға арналған ерітінді	J01GB01
					Натрий колистиметаты, ингаляцияға арналған ұнтақ	J01XB01
					Урсодезоксихол қышқылы, капсула	A05AA02
					Мамандандырылған емдік өнімдер	
				Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Вориконазол, ерітінді дайындауға арналған лиофилизат	J02AC03
					Амфотерицин В, инфузия үшін концентрат дайындауға арналған ұнтақ	J02AA01
2.	I27.2 I27.8	Туа біткен жүрек ақауы кезіндегі басқа екіншілікті өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Бозентан, таблетка	C02KX01
					Силденафил, таблетка	G04BE03
					Илопрост, ингаляцияға арналған ерітінді	B01AC11
3.	I27.0	Алғашқы өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Риоцигуат, қабықпен қапталған таблеткалар	C02KX05
4.	G40.8	Драве синдромы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Стирипентол, капсула	N03AX17
					Клобазам, таблетка	N05BA09
5.	C73	Қалқанша безінің медуллярлық ісігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Вандетаниб, таблетка	L01XE12
6.	M45	Шорбуындаушы спондилит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Инфликсимаб, инъекцияға арналған ұнтақ	L04AB02
7.	M08.2	Ювенильді идиопатиялық артрит, жүйелік нұсқасы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Тоцилизумаб, инъекцияға арналған ерітінді жасауға арналған концентрат	L04AC07
					Адалимумаб, инъекцияға арналған ерітінді	L04AB04
8.	Q81	Буллезді эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Медициналық бұйымдар	
					Декспантенол, крем	D03AX03
					Мамандандырылған емдік өнімдер	
9.	P27.1	Перинаталдық кезеңде пайда болған бронхоөкпелік дисплазиясы	1 жасқа дейінгі балалар	1000 г дейінгі салмақпен өте шала туған нәрестелер	Паливизумаб, инъекцияға арналған ерітінді, ерітінді дайындауға арналған ұнтақ	J06BB16
10.	J45	Бронх демікпесі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Жеке көтералмаушылық жағдайында	Серетид (сальметерол + флутиказон пропионаты), ингаляцияларға арналған аэрозоль	R03AK06
11.	I10- I15	Артериялық гипертензия	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Жеке көтералмаушылық жағдайында	Телмисартан, таблетка	C09CA07
					Телмисартан + гидрохлортиази, таблетка	C09DA07
12.		Контрацепция	Ауыр экстрагениталды аурулары бар әйелдер, жүктілікке қарсы көрсеткіштері бар әйелдер, бала туу жастағы барлық әйелдердің әлеуметтік осал топтары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Этинилэстрадиол + дроспиренон, таблетка	G03AA12
					Дезогестрел, таблетка	G03AC09
					Этинилэстрадиол +левоноргестрел, таблетка, драже	G03FB09
					Медициналық бұйымдар	
13.	I50	Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Көмекші құралдарды имплантациялау, жасанды жүрек пен жүректі трансплантациялау	Медициналық бұйымдар	
14.	M04.2	Криопиринмен байланысты мерзімді синдром	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Канакинумаб, ерітінді дайындауға арналған лиофилизат, инъекцияға арналған ерітінді	L04AC08
15.	B18.2	Созылмалы вирустық С гепатиті, бауыр циррозы сатысын қоса алғанда	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін жағдайда	Глекапревир + пибрентасвир, таблетка	J05AP57
16.	J38.6	Көмей стенозы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Трахеостомиялық түтікше иеленушілері	Медициналық бұйымдар	
					Мамандандырылған емдік өнімдер	
17.	C73	Қалқанша безінің қатерлі ісігі T3N0M0	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Ленватиниб, капсула	L01XE29
18.	C90	Көпжақты миелома	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Даратумумаб, инфузияға арналған ерітінді жасауға концентрат	L01XC24
19.	K90.0	Целиакия	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ұлпалық трансглютаминазаға қарсы денелері бар, гистологиялық немесе генетикалық расталған, белсенді сатыда	Мамандандырылған емдік өнімдер	
					Панкреатин, капсула	A09AA02
20.	Q80	Ихтиоз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Деспантенол, сыртқы қолдануға арналған крем	D03AX03
21.	C91.0	Филадельфия хромосомасымен жедел лимфобластикалық лейкоз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Понатиниб, таблетка	L01XE24
22.	C92.0	Жедел миелоидты лейкемия, М3 жасушаларының нұсқасы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Третиноин, капсула	L01XX14
23.	L20	Ауыр атопиялық дерматит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Дупилумаб, инъекцияға арналған ерітінді	DB12159
24.	C56	Сероздық эпителиальды аналық без қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Олапариб, капсула	L01XX46
25.	Q85.1 G40.0 G40.1 G40.2 G40.4 G40.5	Туберкулез склерозы. Құрылымдық фокальды эпилепсия. Эпилептикалық энцефолапатия. Веста синдромы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Вигабатрин, таблетка	N03AG04
					Сультиам, таблетка	N03AX03
					Зонисамид, таблетка	N03AX15
					Клобазам, таблетка	N05BA09
26.	O36–O36.1	Ана мен ұрықтың қанының изосерологиялық үйлесімсіздігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Анти-Д иммуноглобулин, инъекцияға арналған ерітінді	J06BB01
27.	D69.3	Идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Спленэктомия өткізуге қарсы көрсетілімдердің болуы	Ромиплостим, ерітінді дайындауға арналған ұнтақ	B02BX04
28.	G71.0	Дюшеннің прогрессивті бұлшықет дистрофиясы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Дефлазакорт, таблетка	H02AB13
29.	G35	Шашыраңқы склероз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Диметилфумарат, капсула	N07XX09
30.	G24.3	Құрысқан мойынқисаюы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	А-гемаглютинин үлгідегі ботулиндік упттық кешен, ерітінді дайындауға арналған лиофилизат	M03AX01
31.	E74.0	Помпе ауруы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Алглюкозидаза альфа, инфузия үшін концентрат дайындауға арналған ұнтақ	A16AB07
32.	T78.3	Тұқым қуалайтын ангионев-рологиялық ісіну	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Адамның С1-эстраза ингибиторы, ерітінді дайындауға арналған лиофилизат	B06AC01

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына қала шегінен тыс емделу үшін бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүруді ұсыну туралы

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, сНұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұсынылған жолдамамен медициналық көрсеткіштері бойынша жолданған Нұр-Сұлтан қаласының азаматтарына, сондай-ақ дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі ¬– ДКК) қорытындысы болғанда науқасты алып жүруші тұлғаға (бір адамнан артық емес) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу үшін тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жеңілдікті жол жүру ұсынылсын.

